

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы бірлескен қызметін жүзеге асыру туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 382 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2018 жылғы 2 қарашада Астанада жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы бірлескен қызметін жүзеге асыру туралы келісімі (бұдан әрі – Келісім) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Келісімді іске асыруға жауапты уәкілетті органы болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетін қабылданған шешім туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

A. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 6 маусымдағы  
№ 382 қаулысымен  
бекітілген

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы бірлескен қызметін жүзеге асыру туралы**

**КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (бұдан әрі – ТМД) қатысушы мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамуы үшін ғарыштық ғылым мен техниканың маңызды мәнін ұғына отырып,

ғарыш кеңістігін игеруге бағытталған ТМД қатысушы мемлекеттердің ғылыми-техникалық және өнеркәсіптік әлеуетін дамыту маңыздылығын түсінуге негізделе отырып,

бейбіт мақсаттарда ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдаланудың түрлі салаларында күшін біріктіруге мұдделелілігін білдіре отырып,

ғылыми-техникалық және өндірістік коопeraçãoға негізделген ғарыш қызметі саласындағы мақсатты халықаралық ынтымақтастықтың практикалық маңыздылығы мен әлеуетті өзара пайдасын мойындай отырып,

2018 жылғы 28 қыркүйектегі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы конвенцияны басшылыққа ала отырып,

1967 жылғы 27 қаңтардағы Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі мемлекеттер қызметінің қағидаттary туралы шарттың, сондай-ақ ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі басқа халықаралық шарттардың ережелерін назарға ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап Анықтамалар**

Осы Келісімде пайдаланылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

әкелу – осы Келісімге сәйкес бірлескен қызмет мақсатында Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік шекарасы немесе кедендік шекарасы арқылы олардың аумағына тасымалданатын тауарлардың кез келген орын ауыстыруы;

әкету – осы Келісімге сәйкес бірлескен қызмет мақсатында Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік шекарасы немесе кедендік шекарасы арқылы олардың аумағынан тасымалданатын тауарлардың кез келген орын ауыстыруы; Тараптар мемлекеті – осы Келісімге қатысушы мемлекет;

іскерлік жасырын ақпарат – ғылыми-техникалық, коммерциялық, технологиялық, өндірістік, қаржы-экономикалық, оның ішінде өндіріс құпиясын (ноу-хай) құрайтын, олардың ұсынылуы мен жеткізгішінің нысанына қарамастан, мынадай шарттарға жауап беретін ақпарат;

бұл ақпаратқа ие болу, атап айтқанда, экономикалық, ғылыми немесе техникалық сипаттағы пайданы немесе ондай ақпараты жоқ адамдар алдындағы бәсекелестікте басымдық алушы қамтамасыз ете алады;

бұл ақпарат заңды негіздерде жалпыға мәлім немесе әртүрлі көздерден кең қолжетімді болып табылмайды;

бұл ақпаратты оның жасырындылығын сақтау міндеттемесінсіз оның иесі үшінші адамдарға бұрын хабарламаған;

бұл ақпарат оның жасырындылығын сақтау міндеттемесінсіз алушының иелігінде емес;

бұл ақпарат иесі оның жасырындылығын қорғау жөнінде шаралар қабылдайды;

заңнамалық уәкілеттік берілген лауазымды адамдар – ішкі істер, кеден органдарының, карантиндік қызметтердің қызметшілері, төтенше жағдайлар персоналдары, сот орындаушылары және әр Тарап мемлекетінің және функциялары заңнамалық тәртіппен көзделген, тиісінше әр Тараптан, сондай-ақ мұндай лауазымды адамдар өз мемлекеттерінің аумағында және мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес бірлескен қызметке қатысты нақты функцияларды жүзеге асыратыны көрсетіле отырып, бұл мемлекетте қабылданған рәсімдер арқылы үшінші мемлекеттің үкіметінен олардың құзыретті немесе уәкілетті органдары арқылы арнайы рұқсаттар берілетін тиісті өзге лауазымды адамдар;

импорттауши Тарап – мемлекет аумағына тауарларды әкелуді жүзеге асыратын тарап;

зияткерлік меншік – 1967 жылғы 14 шілдедегі Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымын құратын конвенцияның 2-бабына сәйкес айқындалатын зияткерлік меншік;

ақпарат – коммерциялық немесе қаржылық сипаттағы мәліметтерді қоса алғанда, адамдар, заттар, фактілер, оқиғалар, құбылыстар мен процестер туралы кез келген мәліметтер (олардың ұсынылуы мен жеткізгішінің нысанына қарамастан), бірлескен қызметке, оны жүзеге асыру барысына және алынған нәтижелеріне қатысты ғылыми және техникалық деректер;

консигнаторлар – өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес күзетіletіn бұйымдар мен технологияларды әкелуге және (немесе) әкетуге лицензиялар және (немесе) өзге шешімдер берілген кез келген жеке немесе заңды тұлғалар;

бақылау – экспорттық бақылауды тиімді жүзеге асыру мақсаттарына және технологияларды қорғау жөніндегі шараларға сәйкес күзетіletіn бұйымдар мен технологияларға қолжетімділік жөніндегі (экспорттық лицензияларды, өзге рұқсаттарды, есеп және есептілік жүргізу талаптарын қоса алғанда) күзетіletіn бұйымдар мен технологиялар экспорттына немесе реэкспорттына қатысты кез келген талап немесе шарт;

жасырын ақпарат – құпия ақпарат болып табылмайтын, қолжетімділігі шектеулі, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес тиісті түрде қорғалатын және оны жеткізгіштерде "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгі қойылған ақпарат;

күзетіletіn бұйымдар мен технологиялар – заттар, материалдар, түрлі мақсаттағы жабдықты қоса алғанда, жеткізіletіn немесе жасалатын өнімді білдіретіn кез келген тауарлар, атап айтқанда, өнертабыстар, пайдалы модельдер, ноу-хау, өнеркәсіптік үлгілер және электронды-есептеу машиналарына арналған, оның ішінде техникалық деректер немесе техникалық жәрдемдесу түріндегі және (немесе) ауызша ақпаратты қоса алғанда, кез келген нысандағы ақпарат қамтылған (көпшілікке қолжетімдіден басқа) бағдарламаларды, техникалық жобаларды, сызбаларды, фотосуреттерді, бейнематериалдарды, жоспарларды, нұсқаулықтарды және оларға қатысты Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар экспорттық

лицензиялар беретін және (немесе) оларға қатысты кез келген бір Тараптың кез келген басқа Тарап мемлекетінің аумағына әкетуге өзге рұқсаттар беретін және (немесе) экспорттайтын Тарап заңнамасына сәйкес әрі осы Келісімнің негізінде оның құзыретті органы және (немесе) уәкілетті органы арқылы экспорттаушы Тарап бақылауды жүзеге асыратын құзетіletіn бұйымдар мен технологияларды техникалық жобалау, құрастыру, әзірлеу, өндіру, өндеу, жасау, қолдану, пайдалану, құрделі жөндеу, ағымдағы жөндеу, техникалық қызмет көрсету, түрлендіру, сипаттамаларын жақсарту немесе жаңғырту үшін қажет кез келген технологиялар;

зияткерлік қызмет нәтижелерін бағалау және пайдалану жоспарлары – бірлескен қызметке қатысушылардың бірлескен қызметті немесе бірлескен зерттеуді жүзеге асыруға, олардың тиісті құқықтары мен міндеттемелеріне қатысты нақты жоспарлары, оларда, атап айтқанда зияткерлік меншікке байланысты мыналар белгіленеді:

бірлесіп құрған, оның ішінде ғылыми және зерттеу мақсаттарында құрған, зияткерлік меншікке құқықтарды бөлу және пайдалану, бірлескен жарияланымдар туралы уағдаластықты қоса алғанда, оны тарату тәртібі;

зерттеушілер мен ғалымдардың құқықтары мен міндеттері;

бірлескен қызметті жүзеге асыру шенберінде берілген, бұрын болған зияткерлік меншікті қоса алғанда, Тараптардың және (немесе) бірлескен қызметке қатысушылардың тиісті үлестері;

зияткерлік қызметтің пайдаланылатын нәтижелерінің тізбесі және оларды Тараптар мемлекеттерінің аумағында және қажет болған жағдайда үшінші мемлекеттер аумағында пайдалану тәртібі;

қорғалатын ғылыми зерттеулер нәтижелеріне құқық және тапсыру тәртібі;

зияткерлік меншік объектілеріне құқық лицензиялау және тапсыру тәртібі;

технологияларды құзету жоспарлары – төтенше оқиғалар жағдайларындағы ерекше шарттар мен шектеулерді қоса алғанда, тұракты негізде құзетіletіn бұйымдар мен технологияларды жеке және құқықтық қорғау талаптарын сактау жөніндегі нақты шаралар толық жазылған жазбаша нұсқаулықтарды немесе өзге де орындауға міндетті ережелерді, сондай-ақ құзетіletіn бұйымдар мен технологиялар болатын барлық объектілерге, үй-жайларға, көлік құралдарына немесе жекелеген аймақтарға қатысты қауіпсіздік рәсімдері мен мұндай жерлерге рұқсатты көрсете отырып, операциялар сипаттамаларын қамтитын жоспарлар;

бұдан бұрынғы зияткерлік меншік – бірлескен қызметтерді жасар алдында және Тараптардың бір мемлекетіне немесе бірлескен қызметке қатысушыларға тиесілі немесе бірлескен қызметті жүзеге асыру үшін қолданылуы қажет дербес қызметті немесе дербес зерттеулерді жүзеге асыру нәтижесі болып табылатын зияткерлік меншік ;

экспорттаушы (импорттаушы) Тараптың өкілдері – құзетіletіn бұйымдармен және технологиялармен жұмыс істеуге қатысты бірлескен қызметті Тараптар мемлекетінде

мемлекеттік қызметте тұрған жеке тұлғалар және (немесе) ол және (немесе) оның құзыретті немесе уәкілетті органы уәкілеттік берген жеке және (немесе) заңды тұлғалар, оның ішінде белгіленген тәртіппен Тараптар мемлекетінде экспорттық (импорттық) лицензияларды және (немесе) өзге рұқсаттарды беруге байланысты күзетіletіn бұйымдармен және технологияларға қатысты бірлескен қызметке қатысатын және (немесе) күзетіletіn бұйымдармен және технологияларға рұқсаты бар немесе рұқсат алуға мүмкіндігі бар, күзетіletіn бұйымдармен және технологиялармен жұмыс істей мәселелерінде дағылар мен құзыреті бар және осы Тарап мемлекетінің юрисдикциясындағы және (немесе) бақылауындағы Тараптардың өкілдері және (немесе) оның құзыретті және (немесе) уәкілетті органының өкілдері, консигнаторлары, тағайындалған органдары және ұйымдары, олардың қызметшілері, өкілдері, мердігерлері немесе қосалқы мердігерлер;

ұшінші мемлекеттің өкілдері – ұшінші мемлекетте мемлекеттік қызметтегі жеке тұлғалар және (немесе) ұшінші мемлекеттің үкіметі және (немесе) ұшінші мемлекеттің мемлекеттік органы, осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын оның З-қосымшасы 1-бөлімінің 3-тармағында көзделген келісімдер мен уағдаластықтарды орындау үшін күзетіletіn бұйымдар мен технологияларға қатысты бірлескен қызметті жүзеге асыруға уәкілеттік берген жеке және (немесе) заңды тұлғалар, оның ішінде ұшінші мемлекеттің күзетіletіn бұйымдар мен технологияларға қатысты бірлескен қызметке қатысатын және (немесе) күзетіletіn бұйымдар мен технологияларға рұқсаты бар немесе болуы мүмкін және белгіленген тәртіппен уәкілеттік берілген ұшінші мемлекеттің юрисдикциясындағы және (немесе) бақылауындағы кез келген өкілдері;

зияткерлік қызмет нәтижелері – ғылым, әдебиет және өнер туындылары, электрондық есептеуіш машиналарға арналған бағдарламалар, деректер базасы, орындау, фонограммалар, эфирге немесе радио немесе телехабар тарату кабельдері арқылы (эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымдарын эфирге шығару), өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік ұлгілер, селекциялық жетістіктер, интегралдық микросхемалар топологиялары, өндіріс құпиялары (ноу-хау);

реэкспорттаушы Тарап – бір жағынан, экспортқа (руқсаттарға) лицензияларға немесе экспорттаушы Тараптың уәкілеттік органы берген және (немесе) экспорттаушы Тараптың өзге рұқсаттарына сәйкес мемлекет аумағынан жүзеге асырылатын және екінші жағынан, ұшінші тараптың заңнамасына немесе ұшінші мемлекет үкіметінің өзге рұқсаттарына уәкілетті органдар импортқа берген лицензияларға (руқсаттарға) сәйкес күзетіletіn бұйымдар мен технологияларды бірлескен қызмет мақсатында ұшінші мемлекетке кейін табыстауды жүзеге асыратын импорттаушы Тарап;

құпия ақпарат – Тараптар мемлекеттерінің бірінің мемлекеттік құпияларды (мемлекеттік құпия) құрайтын мәліметтерді қамтитын, оны рұқсатсыз тарату осы мемлекеттің қауіпсіздігі мен мұддесіне зиян келтіруі мүмкін ақпарат;

бірлескен қызмет – күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты бірлескен қызметті қоса алғанда, келісімдерде (келісімшарттарда) осындай деп белгіленген, ғарыш кеңістігін зерттеумен және пайдаланумен әрі ғарыш техникасы мен технологияларын бейбіт мақсаттарда қолданумен байланысты, осы Келісімді орындау мақсатындағы қызмет;

бірлесіп құрылған зияткерлік меншік – бірлескен қызметті жүзеге асыру нәтижесінде пайда болған зияткерлік меншік;

күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты бірлескен қызмет – күзетілетін бұйымдар мен технологияларды оларды техникалық жобалауға, жобалауға, құрастыруға, әзірлеуге, өндіруге, қайта өндеуге, дайындауға, қолдануға, пайдалануға, қурделі жөндеуге, ағымдағы жөндеуге, техникалық қызмет көрсетуге, модификациялауға, күзетілетін бұйымдар мен технологиялар сипаттамаларын жетілдіруге немесе жаңартуға, техникалық мәселелерді талқылауды, кез келген арнайы құжаттама айналымының барлық кезеңдерін, нобайлық жобалар дайындауды, жобалау-конструкторлық жұмыстарды орындауды, күзетілетін бұйымдар мен технологиялар әзірлеуді, жасауды, жеткізуді (тасымалдауды), монтаждауды, техникалық қызмет көрсетуді, сактауды және пайдалануды, техникалық басшылықты қамтамасыз етуді және пайдалану мен маркетинг жөніндегі қызметтер көрсетуді қоса алғанда, күзетілетін бұйымдар мен технологиялар мен жұмыс істеуге қатысты барлық іс-әрекеттер;

жеке даралау құралдары – фирмалық атаулар, тауар таңбалары және қызмет көрсету белгілері, тауар шығарылған жерлердің атаулары, коммерциялық белгілері;

тауарлар – ғарыш аппараттары мен ғарыш аппараттарын ұшыру құралдары, олардың элементтері, құрамдастары мен қосалқы бөлшектері, аспаптар, құрылғылар, оларға жататын технологиялық ажыратылмайтын табиғи немесе жасанды заттар мен материалдарды қоса алғанда, бақылау, сынау және технологиялық жабдық, жеткізілетін немесе жасалатын өнім, материалдық жеткізгіштерде бекітілген ақпарат пен деректер түріндегі технологиялар, электронды-есептеу машиналарына арналған бағдарламалар және зерттеу немесе әзірлеу нәтижесінде алынған дереккорлар, тәжірибелік-конструкторлық және инженерлік-техникалық әзірлемелер, сондай-ақ өндірістік құжаттама мен техникалық сипаттамаларды, коммерциялық құпия мен ноу-хауды, өнертабыстарды, өнеркәсіптік үлгілерді, пайдалы модельдер мен пилоттық жобалау-конструкторлық әзірлемелерді қоса алғанда, кез келген материалдық нысандағы басқа ақпарат сияқты ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеуге және пайдалануға жататын бұйымдар (заттар, материалдар мен өнім);

үшінші мемлекет – осы Келісімнің қатысуышы болып табылмайтын мемлекет;

экспорттаушы (импорттаушы) Тараптың уәкілетті лауазымды тұлғалары – күзетілетін бұйымдармен және технологиялармен жұмыс істеуге бақылаудың белгіленген функцияларын орындауға экспорттаушы (импорттаушы) Тараптан және (

немесе) оның уәкілетті органдарынан арнайы рұқсаттар алған экспорттаушы (импорттаушы) Тараптың өкілдері және (немесе) өзге лауазымды адамдар;

уәкілетті органдар – өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес күзетілетін бұйымдар мен технологияларды әкелуге және (немесе) әкетуге экспорттық лицензиялар және (немесе) өзге шешімдер берілген, сондай-ақ оларды қолдануға бақылауды жүзеге асыруға құқығы бар мемлекеттік органдар;

бірлескен қызметке қатысушылар – осы Келісімнің шеңберінде бірлесіп жұмыс істеуге өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес Тарап және (немесе) оның құзыретті органдары уәкілеттік берген құзыретті органдар, тағайындалған органдар және ұйымдар, сондай-ақ заңды және (немесе) жеке тұлғалар, олардың өкілдері, мердігерлік және қосалқы консигнаторлар;

экспорттаушы Тарап – мемлекет аумағынан тауарларды әкету жүзеге асырылатын Тарап.

## **2-бап Мақсаттар**

Осы Келісімнің мақсаттары ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы көпжақты ынтымақтастықтың құқықтық және ұйымдық негіздерін орнату және бірлескен ғарыш қызметінің нақты бағыттары бойынша Тараптар арасында келісімдер мен басқа уағдаластықтарды әзірлеу және жасасу үшін құқықтық база құруға жәрдемдесу болып табылады.

## **3-бап Құқықтық негіз**

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес халықаралық құқықтың жалпыға танымал қағидаттары мен нормалары сақталғанда жүзеге асырылады.

Осы Келісім әрбір Тараптың мемлекеті қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттар мен уағдаластықтар бойынша олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## **4-бап Үнтымақтастық салалары**

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық мынадай салаларда жүзеге асырылады:

астрофизикалық зерттеулерді, планеталар мен астероидті-кометалық қауіпті зерттеуді қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу;

ғарыш аппараттарын және шығару құралдарын, олардың элементтерін, аспаптар мен құрылғыларды әзірлеу;

жерүсті ғарыш инфрақұрылымын құру және дамыту;

Жерді қашықтықтан зондтау;

спутниктік навигациялық жүйелер, технологиялар мен көрсетілетін қызметтер; ғарыштық органды, оған техногендік әсердің салдарларын бақылауды, алдын алуды және қысқартуды (жоюды) қоса алғанда, қорғау; ұшыруларды жүзеге асыру бойынша қызметтерді ұсыну; ғарыш қызметінің нәтижелерін ТМД-ға қатысуши мемлекеттердің ғылыми, экономикалық және әлеуметтік салаларында қолдану; пилоттық ғарыштық кешендерді пайдаланумен ғылыми іргелі және қолданбалы зерттеулер; ғарыш қызметін жүзеге асыру барысында экологиялық қауіпсіздікті және қоршаган органды қорғауды қамтамасыз ету; пилоттық ғарыштық ұшырулар; ғарыш саласы үшін кадрларды даярлау және қайта даярлау.

Тараптар осы Келісімге сәйкес өзара уағдаластық бойынша жазбаша нысанда ынтымақтастықтың басқа салаларын қосымша айқындай алады.

## 5-бап ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫСАНДАРЫ

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастықты мынадай нысандарда жүзеге асыруға болады:

бірлескен бағдарламалар мен жобаларды жоспарлау және жүзеге асыру; ғылыми және техникалық ақпаратпен, арнайы біліммен, эксперименттік деректермен, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар нәтижелерімен және ғарыштық ғылым, техника мен технологиялардың әртүрлі салаларындағы материалдармен өзара алмасу; ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану мемлекеттік бағдарламаларына, сондай-ақ ғарыштық технологияларды практикалық қолдану және ғарыш инфрақұрылымын дамыту саласындағы халықаралық бағдарламалар мен жобаларға қолжетімділікке өзара жәрдемдесу;

ғарыш аппараттарын ұшыруды және басқаруды қамтамасыз ету үшін жерүсті объектілері мен жүйелерін пайдалану;

кадрлар даярлау бағдарламаларын ұйымдастыру, мамандармен және ғалымдармен алмасу;

симпозиумдарды, конференцияларды және басқа ұқсас іс-шараларды өткізу; мамандандырылған көрмелерге, жәрменкелерге және басқа ұқсас іс-шараларға қатысу;

халықаралық ғарыштық технологиялар мен қызметтер нарығында әріптестіктің түрлі нысандарын дамыту;

ғарыш қызметін жүзеге асыруға техникалық жәрдем мен көмекті өзара ұсыну;

Ұлттық нормативтік құқықтық актілерді, оның ішінде Тараптардың ғарыш саласындағы техникалық нормативтік құқықтық актілерін үйлестіру.

Тараптар осы Келісімге сәйкес өзара уағдаластық бойынша осы Келісімге сәйкес жазбаша нысанда ынтымақтастықтың басқа да нысандарын қосымша айқындаі алады.

## **6-бап Бірлескен қызметті үйлестіру**

Осы Келісімді орындау бойынша бірлескен қызметті үйлестіру Фарыш жөніндегі халықаралық кеңеске жүктеледі. Оның міндеттері, функциялары және жұмыс істеу тәртібі осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Фарыш жөніндегі халықаралық кеңес туралы ережеде айқындалған (1-қосымша).

## **7-бап Құзыретті органдар және тағайындалған органдар мен ұйымдар**

1. Тараптар осы Келісімнің депозитарийіне құзырлы органдардың тағайындалуы туралы осы Келісімнің күшіне енуіне қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдердің орындалғаны туралы хабарламамен бір мерзімде хабарлайды. Әр Тарап құзыретті органдарының ауысуы туралы депозитарийге жазбаша түрде хабарлайды.

2. Тараптар немесе олардың құзыретті органдары өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес осы Келісімді орындау үшін жекелеген бағдарламалар мен ынтымақтастық жобаларының шенберінде қызметтің мамандандырылған түрлерін жүзеге асыру үшін өз мемлекеттерінің мемлекеттік органдары мен (немесе) ұйымдарды (бұдан әрі – тағайындалған органдар мен ұйымдар) белгіленген тәртіппен тағайындаі алады.

Тағайындалған ұйымдар ретінде мемлекеттік, жеке және Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес тіркелген және қызметті жүзеге асыратын өзге ұйымдар бола алады.

3. Тараптар және олардың құзыретті органдары, тағайындалған органдар мен ұйымдар өз мемлекеттік және жеке ұйымдарының арасындағы ынтымақтастықты, оның ішінде үшінші мемлекеттер ұйымдарының және халықаралық ұйымдардың қатысуымен осы Келісімді орындау үшін ынтымақтастықты нығайтуға және дамытуға жәрдемдеседі.

4. Осы Келісім шенберіндегі нақты бағдарламалар мен ынтымақтастық жобаларын жүзеге асырудың ұйымдық, қаржылық, құқықтық және техникалық шарттары тікелей Тараптар арасындағы жекелеген келісімдердің немесе бірлескен қызметке (қажет болса және Тараптар мемлекеттерінің халықаралық міндеттемелерін ескере отырып) қатысушылардың арасындағы жекелеген келісімдердің (келісімшарттардың) (бұдан әрі - жекелеген келісімдер) нысанасын құрайды.

5. Бірлескен қызметке қатысушылар бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру үшін, сондай-ақ ынтымақтастықтың жаңа салалары мен нысандары және осы Келісімді орындау үшін өзара әрекеттесу тетіктерін дамыту туралы ұсыныстар дайындау үшін

қажет болған кезде бірлескен жұмыс топтарын және (немесе) өзге жұмыс органдарын құра алады.

## **8-бап Қаржыландыру**

1. Осы Келісімді іске асыру кезінде мүдделі Тараптардың бірлескен қызметті қаржыландыруды өз қызметін қамтамасыз ету үшін тиісті министрліктер мен ведомстволар көздеген ұлттық бюджет қаражаттары шегінде, сондай-ақ бюджеттен тыс көздерден жүзеге асырады.

2. Осы Келісімді іске асыру кезінде бірлескен қызметті ұлттық бюджеттер есебінен қаржыландыруды Тараптар әрбір Тарап мемлекетінің бюджеттік реттеуге қатысты заңнамасына сәйкес және осы мақсаттарға бөлінген қаражаттың болуына байланысты жүзеге асырады.

Кез келген Тараптың өз міндеттемелерін орындаумен байланысты қаржыландырумен проблемалар туындаған кезде көрсетілген Тарап өз құзыретті органы арқылы әрекет ете отырып, консультациялар өткізу үшін басқа Тараптардың құзыретті органдарына бұл туралы хабарлайды.

3. Осы Келісімге сәйкес бірлескен қызмет қатысуышылары жасасқан жекелеген келісімдердің нәтижелері болып табылатын кез келген қаржы міндеттемелері бойынша Тараптар жауапты болмайды.

## **9-бап Зияткерлік меншік**

1. Тараптар өз мемлекетінің заңнамасына, оның халықаралық міндеттемелеріне және осы Келісімнің ережелеріне сәйкес осы Келісім шенберінде құрылатын немесе пайдаланылатын зияткерлік меншік объектілеріне құқықты барабар және тиімді қорғалуды қамтамасыз етеді.

2. Тараптар және бірлескен қызметке қатысуышылар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын оған 2-қосымшада көзделген қағидаттар мен нормаларды сақтай отырып, бірлескен қызметті жүзеге асыру шенберінде пайдаланылатын және (немесе) оның нәтижесі болып табылатын зияткерлік меншікке қатысты жекелеген келісімдердегі сақталуға тиіс ережелерді нақтылайды.

## **10-бап Ақпарат алмасу**

1. Тараптар өздерінің құзыретті органдары арқылы осы Келісімге және өз мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес бірлескен қызметке жататын өзара ақпарат алмасуға жәрдемдеседі. Әрбір Тарап және оның бірлескен қызметке қатысуышылары

басқа Тараптарға және олардың бірлескен қызметке қатысушыларына ақылға сыйымды қысқа мерзімдерде бірлесіп жүзеге асырылатын ғылыми зерттеулер мен жұмыстар нәтижелеріне қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

2. Тараптар таратуға шектеулер белгіленбеген ақпаратпен, сондай-ақ олардың тиісті мемлекеттерінің заңнамаларына және осы Келісімнің және өзге халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес жасырын ақпаратпен алмасуды жүзеге асырады.

3. Эрбір Тарап және оның бірлескен қызметке қатысушылары басқа Тараптан және оның бірлескен қызметке қатысушыларынан алынған жасырын ақпаратты өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес қорғайды. Жекелеген келісімдер жасырын ақпаратты қорғауды және мұндай ақпаратты бірлескен қызметке қатысушыларға, үшінші мемлекеттің немесе мердігерлер мен қосалқы мердігерлерді қоса алғанда халықаралық ұйымдардың кез келген өкілдеріне берілуі мүмкін шарттарды көздейді.

Қажет болған кезде жекелеген келісімдерде жасырын ақпаратты қорғау жөніндегі міндеттемелерді сақтау үшін бірлескен қызметке қатысушыларға қатысты барлық қажетті қосымша шараларды қабылдау көзделеді.

4. Жасырын ақпаратты белгілеу үшін жауаптылық олардың ақпараты мұндай жасырындылықты талап ететін Тарапқа немесе бірлескен қызметке қатысушыға жүктеледі. Тараптар және бірлескен қызметке қатысушылар олардың тиісті мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес жасырын ақпарат қамтылған барлық хат-хабарды қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Әрбір Тарап өзінің бірлескен қызметке қатысушыларын, осы Келісімді орындау барысында бірлескен қызметке қатысушылар бір-біріне беретін жасырын ақпаратқа рұқсаты бар адамдар санын, мұндай хабардар адамдар тобын осы Келісімде көзделген мақсаттарда өздерінің қызметтік міндеттерін орындау үшін мұндай ақпаратқа рұқсаты қажет оның мемлекетінің азаматтары болып табылатын қызметкерлермен және мамандармен шектей отырып барынша қысқартуды міндеттейді.

5. Кез келген басқа Тараптан және (немесе) оның бірлескен қызметке қатысушысынан алынған, осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген ақпаратты, егер Тараптар және олардың бірлескен қызметке қатысушылары өзара негізде өзге туралы жазбаша нысанда келіспесе, ешбір Тарап және оның ешбір бірлескен қызметке қатысушысы ашпайды және үшінші мемлекеттің кез келген өкіліне бермейді.

6. Егер мұндай беру өз мемлекетінің қауіпсіздік мүдделеріне қайшы келетін болса, осы Келісімде ешнэрсе осы Келісім шенберіндегі қандай да бір ақпаратты кез келген Тараптың беруге міндеттемесі немесе тұтас бірлескен қызмет шенберіндегі басқа кез келген ақпаратты беру үшін кез келген негіз ретінде қаралмайды.

Егер Тараптардың кез келгенінің мемлекетінде құпия ақпарат санатына жатқызылған нақты ақпаратты беруді Тараптар осы Келісім шенберінде бірлескен қызметті жүзеге асыру мақсатында қажет деп таныса, онда мұндай ақпаратты беру және онымен жұмыс істеу тәртібі Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасымен,

құпия ақпаратты өзара қорғау туралы Тараптар арасындағы келісімдермен, сондай-ақ қажет болған жағдайда Тараптар арасында жазбаша нысанда жасасқан өзге де жекелеген келісіммен реттеледі.

7. Тараптың әрқайсысының бірлескен қызметке қатысушылары алмасуды көздейтін күзетілетін бұйымдар мен технологияларға жататын техникалық деректер тізбесін айқындайды. Мұндай тізбелер белгіленген тәртіппен беруші Тараптың құзыретті органдарының мен уәкілетті органдарының бекітуіне жатады.

## **11-бап Мұлікті қорғау және технологияларды күзету жөніндегі шаралар**

1. Эрбір Тарап өз мемлекетінің заңнамасын ескере отырып, әрбір басқа Тараптың және олардың бірлескен қызметке қатысушыларының бірлескен қызмет шеңберіндегі өз мемлекетінің аумағындағы олардың мүлкін, тауарлардың өзара келісілген санаттарын алып қою немесе атқарушылық өндірістің кез келген нысандары мен құқықтарының иммунитетін қоса алғанда, кез келген құқықтық және физикалық қорғаумен байланысты мұдделерін сақтауды қамтамасыз етеді. Бірлескен қызметті жүзеге асыру шеңберінде пайдаланылатын мұлікті тиісті қорғау жекелеген келісімдерде қосымша көзделуі мүмкін.

2. Бірлескен қызметтің нақты түрлерін жүзеге асыру мақсатында:

экспортталатын күзетілетін бұйымдар мен технологияларға кез келген рұқсатсыз қолжетімділікті, импорттаушы Тараптың және (немесе) импорттаушы Тараптан бірлескен қызметке қатысушылардың оларды кейін кез келген рұқсатсыз беруін және (немесе) күзетілетін бұйымдар мен технологияларды экспорттауды мақсаты бойынша жүзеге асырмасын және (немесе) экспорттаушының немесе импорттаушының (сонғы тұтынушының) мақсатсыз пайдалануын болдырмау үшін;

Тараптар мемлекеттерінің өкілдері күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың сақталуын және қауіпсіздігін тиімді қамтамасыз ету және олармен жұмыс істеу тәртібін бақылау жөніндегі тиісті функцияларды жүзеге асыру үшін;

технологияларды күзетудің нақты жоспарларын әзірлеу және орындау үшін Тараптар қажет болған жағдайда, бірлескен қызметке қатысушылармен тәмендегі шарттарды толық көздеу үшін технологияларды қорғау жөніндегі келісімдерді жасасады және (немесе) жасасуға жәрдем көрсетеді.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелерін іске асыру мақсатында Тараптар өздерінің құзыретті және уәкілетті органдары арқылы осы Келісімге З-қосымшада көзделген технологияларды қорғау жөніндегі шараларды практикада қолдануды қамтамасыз етеді.

## **12-бап Экспорттық бақылау**

Тараптар өз мемлекеттерінің әрқайсысының экспорттық бақылау тізімдері мен тізбелеріне енгізілген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге қатысты экспорттық бақылау саласындағы өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес әрекет етеді.

Тараптардың немесе бірлескен қызметке қатысушылардың осы Келісімге сәйкес ынтымақтастықтың кез келген нысандары шеңберінде бір-біріне экспорттаушының, импорттаушының немесе кез келген үшінші мемлекеттің аумағында тауарларды және көрсетілетін қызметтерді ұсынуы Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысының экспорттық бақылауға қатысты заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

## 13-бап Кедендік реттеу

1. Осы Келісім шеңберінде әкелу және (немесе) әкету жүзеге асырылатын тауарлар, осы Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында және қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттар шеңберіндегі Тараптардың міндеттемелерінде көзделген жағдайда кеден органдары алатын кедендік баждар мен салықтардан босатылуға жатады.

Құзыретті органдар осы Келісімнің және (немесе) осы Келісімді іске асыру мақсатында жасасқан жекелеген келісімдер шеңберінде жүзеге асырылатын тауарларды әкелуді және (немесе) әкетуді жүзеге асырганға дейінгі әр жағдайда, өзінің тиісті мемлекеттерінің кеден органдарына ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану, оның ішінде ғарыш аппараттарын ұшыру бойынша қызметтер көрсету саласындағы халықаралық ынтымақтастық шеңберінде тауарлардың нысаналы мақсаты туралы растауын береді.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген баждар мен салықтарды төлеуден босатулар Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына және қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттар шеңберіндегі Тараптардың міндеттемелеріне сәйкес және олардың аумағына немесе кедендік аумағына үшінші елдерден әкелінетін және (немесе) олардың аумағынан немесе кедендік аумағынан үшінші елдерге әкетілетін, олардың шыққан еліне қарамастан, осы Келісімді орындау үшін іске асырылатын Тараптар және (немесе) бірлескен қызметке қатысушылар қатысатын көп жақты келісімдер немесе ынтымақтастық бағдарламалары мен жобаларының шеңберінде әкелінетін және (немесе) әкетілетін тауарларға қатысты да беріледі.

3. Осы баптың ережелері акцизделетін тауарларға қолданылмайды.

## 14-бап Жауапкершілік

1. Тараптар жауапкершілік туралы және зиянды өтеу туралы бір-біріне кез келген талаптар қоюдан өзара негізде бас тартады және меншікті қызметкерлер құрамының қатарындағы адамдарға және (немесе) әр Тараптың меншікті мүлкіне осы Келісім шеңберіндегі бірлескен қызметке мұндай тұлғалардың қатысуымен және мұндай

мұлікті пайдалануға байланысты келтірілген зиянға байланысты тиісінше әрбір Тарап кез келген басқа Тарапқа және олардың бірлескен қызметке қатысушыларына қандай да бір талаптар қоймайды.

2. Тараптар және (немесе) құзыретті органдар өзара негізде және Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларын сақтаған кезде жауапкершілік туралы және келісілген тәжірибе арқылы зиянды өтеу туралы талаптар қоюдан өзара бас тарту қағидатын жүзеге асыру рәсімдерін қолданады, бұған сәйкес Тараптар және бірлескен қызметке қатысушылар меншікті мүлкіне және (немесе) олардың персоналы қатарындағы тұлғаларға қасақана істелмеген зиянға байланысты басқа Тарапқа және оның бірлескен қызметке қатысушыларына өзара негізде кез келген талаптар немесе дау қоймайды.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген зиянды өтеу туралы жауапкершіліктің талаптарын қоюдан бас тарту қағидаты, егер зиян келтірген немесе оларға зиян келтірілген Тарап, олардың бірлескен қызметке қатысушылары, қызметкер құрамының қатарындағы адамдар немесе олардың мүлкі осы Келісім шенберіндегі бірлескен қызметке тиісінше қатысқан немесе пайдаланылған жағдайда ғана қолданылады.

4. Тараптар және (немесе) бірлескен қызметке қатысушылар жекелеген келісімдер шенберінде осы бапта көзделген жауапкершілік туралы және зиянды өтеу туралы талаптардан өзара бас тарту туралы ережелердің қолданылу аясын шектеуге немесе бірлескен қызметтің нақты сипатына қарай қаншалықты талап етілсе, соншалықты өзгерте алады. Атап айтқанда, олар бірлескен қызметтің нақты түріне қатысты жауапкершілікті бөлу және зиянды өтеу туралы қосымша немесе баламалы ережелерді келісе алады.

5. Осы баптың 1-3-тармақтарына сәйкес жауапкершілік туралы және зиянды өтеу туралы талаптарды қоюдан өзара бас тарту мыналарға қолданылмайды:

дене зақымы, жеке тұлғаның денсаулығына кез келген ауыр зиян келтіргені немесе мұндай адамның өлімі үшін, осы тұлға немесе заң бойынша құқығы бар кез келген адам (осындағы жеке тұлғаның өсиетін орындау тапсырылған адам, оның мұрагерлері немесе құқығы суброгация тәртібімен көшетін адамдар) қойған өтемақымен байланысты наразылыққа;

кез келген Тарап және оның бірлескен қызметке қатысушыларының арасындағы қатынастар, сондай-ақ мұндай бірлескен қызметке қатысушылар арасындағы қатынастар туындаудың байланысты наразылықтар;

зияткерлік меншікке байланысты наразылықтар;

қасақана заңсыз іс-әрекеттерден немесе өрескел ұқыпсыздықпен жасалған іс-әрекеттерден туындаған зиянмен байланысты наразылықтар;

тікелей келісілген шарттық ережелерге қатысты наразылық.

6. Осы баптың ережелері халықаралық құқықпен белгіленген, атап айтқанда, 1972 жылғы 29 наурыздағы Фарыш объектілері келтірген зиян үшін халықаралық

жауапкершілік туралы конвенцияға негізделген талаптарға қатысты тиісті қағидаттар мен нормаларды қолдануға зиян келтірмейді.

7. Тараптар зиян өтемақысының және сотта ықтимал талаптардан қорғау ауыртпалығын бөлуге қатысты осы баптың б-тармағында көрсетілген Конвенцияны қоса алғанда, халықаралық құқыққа сәйкес пайда болуы мүмкін жауапкершілікке қатысты кез келген жағдай жөнінде консультациялар өткізеді. Жауапкершілік үшін негіз тудыруы мүмкін кез келген оқиғаны немесе аварияны тергеу кезіндегі әрбір фактін анықтау мақсатында Тараптар, атап айтқанда, сарапшылар және ақпарат алmasу арқылы ынтымақтасады.

8. Тараптар құзыретті органдарға жекелеген келісімдер жасасу практикасының, осы бапта көзделген жауапкершілік туралы және зиянды өтеу туралы талаптар қоюдан өзара бас тарту қағидатын қолдануға қатысты талаптарға сәйкестігін жалпы бақылауды қамтамасыз етуді тапсырады.

## **15-бап Персоналдар қызметіне жәрдемдесу**

Әр Тарап өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес осы Келісімнің шеңберінде оның мемлекетінің аумағына кіретін және бірлескен қызметті жүзеге асыру үшін болатын кез келген Тарап мемлекеті азаматының қызметіне жәрдемдеседі.

## **16-бап Дауларды реттеу**

Осы Келісімді түсіндіруге және орындауға байланысты туындаған даулар, мұдделі Тараптардың консультациялары және келіссөздері жолымен немесе Тараптар келіскен басқа ресімдер арқылы шешіледі.

## **17-бап Қорытынды ережелер**

1. Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті хаттамамен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

2. Осы Келісім депозитарий оған қол қойған Тараптардың қүшіне ену үшін қажетті мемлекетішлік ресімдерді орындағаны туралы үшінші жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 30 күн өткен соң қүшіне енеді.

Мемлекетішлік ресімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін осы Келісім депозитарий тиісті жазбаша хабарламаларды алған күннен бастап 30 күн өткен соң қүшіне енеді.

3. Осы Келісім қүшіне енгеннен кейін депозитарийге қосылу туралы құжатты беру арқылы ТМД-ға қатысушы кез келген мемлекеттің қосылтуы үшін ашық.

Қосылушки мемлекеттер үшін Келісім қосылу туралы құжатты депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткеннен кейін қүшіне енеді.

4. Осы Келісім белгіленбекен мерзімге жасалады. Әрбір Тарап осы Келісімнен депозитарийге өзінің ниеті туралы жазбаша хабарламаны жолдап шыға алады. Мұндай шығу осы хабарламаны алған күннен бастап 12 ай өткен соң күшіне енеді.

5. Осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылған жағдайда оның ережелері, егер Тараптар өзге туралы уағдаласпаса, оның қолданылуу кезеңінде басталған, бірақ қолданылуы тоқтаған күніне қарай аяқталмаған бағдарламалар мен жобаларға қолданылуын жалғастырады.

6. Осы Келісімнің қолданылуын тоқтату қаржы және өзге сипаттағы күшінде қалатын шарттық міндеттемелерді бір жақты тәртіппен қайта қарау немесе орындау үшін құқықтық негіз болып табылмайды және оның қолданылуы тоқтатылғанға дейін занды және (немесе) жеке тұлғалардың осы Келісімнің шеңберінде туындаған құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

7. Осы Келісімді жүзеге асыру шеңберінде, пайда болған Тараптардың қарым-қатынасына геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау аясындағы достастыққа қатысушы мемлекеттердің өзара іс-қимылы туралы 1992 жылғы 9 қазандағы келісімнің ережелері қолданылмайды.

## 18-бап Күшін жоятын құжаттар

Осы Келісім күшіне енген күннен бастап Тараптар арасындағы қарым-қатынаста мыналар күшін жойды деп танылады:

1992 жылғы 13 қарашадағы Farыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі бірлескен қызметті қаржыландыру тәртібі туралы келісім;

1992 жылғы 13 қарашадағы Farыш жөніндегі мемлекетаралық кеңес туралы ережені бекіту туралы хаттама.

2018 жылғы 2 қарашада Астана қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада болып жасалды. Төлнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әр мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

Әзербайжан Үкіметі үшін	Республикасының Ресей Үкіметі үшін	Федерациясының
Армения Үкіметі үшін	Республикасының Тәжікстан Үкіметі үшін	Республикасының
Беларусь Үкіметі үшін	Республикасының Түрікменстан Үкіметі үшін	
Қазақстан Үкіметі үшін	Республикасының Өзбекстан Үкіметі үшін	Республикасының
Қыргыз Үкіметі үшін	Республикасының Узбекстан Үкіметі үшін	
Молдова Үкіметі үшін		Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы

мемлекеттердің ғарыш кеңістігін  
бейбіт мақсаттарда зерттеу және  
пайдалану саласындағы  
бірлескен қызметін жүзеге  
асыру туралы келісімге  
1-қосымша

## **Ғарыш жөніндегі мемлекетаралық кеңес туралы ереже**

### **I. Жалпы ережелер**

1.1. Мемлекетаралық ғарыш жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (бұдан әрі – ТМД) қатысушы мемлекеттердің ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастығын дамыту мақсатында және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы бірлескен қызметін жүзеге асыру туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) қатысушы мемлекеттердің қызметін үйлестіру үшін құрылды.

1.2. Кеңес өзінің қызметін өз өкілеттігі шегінде жүргізетін және ТМД-ның Үкімет басшылары кеңесіне есеп беретін ТМД-ның салалық ынтымақтастық органды болып табылады.

1.3. Кеңес өз қызметінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Жарғысын, ТМД шеңберінде қабылданған шарттар мен шешімдерді, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Салалық ынтымақтастық органдары туралы жалпы ережені, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

1.4. Кеңес өз қызметін ТМД-ның Атқарушы комитетімен, сондай-ақ ТМД-ның басқа органдарымен тығыз өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады.

### **II. Кеңестің міндеттері мен функциялары**

Кеңестің негізгі міндеттері мен функциялары:

2.1. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің экономика және ғылым салалары мүддесінде ғарыш кеңістігін тиімді зерттеу және пайдалану үшін бірыңғай саясатты әзірлеу және басым бағыттарды анықтау.

2.2. Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастықтың шарттық-құқықтық базасын жетілдіру.

2.3. ТМД үкіметі басшылары кеңесінің қарауын талап ететін ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану бойынша мемлекетаралық бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу бойынша ұсыныстар дайындау.

2.4. Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану бойынша мемлекетаралық бағдарламалар мен жобалар шеңберінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттер жүргізетін жұмыстарды үйлестіру.

2.5. Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласында халықаралық ынтымақтастық бойынша ТМД-ға қатысуши мемлекеттердің сарапшы-мамандары деңгейінде келіссөздер жүргізу және осы мәселелер бойынша келісімдер (шарттар) жобаларын әзірлеу.

2.6. Тараптар мемлекеттерінің ғарыш саласына инвестициялар мен кредиттер, сондай-ақ бірлескен бағдарламалар мен жобаларды іске асыруға бюджеттен тыс көздерден қаржылық қаражат тартуға ықпал ету.

2.7. Ғарыш қызметі саласында ТМД-ға қатысуши мемлекеттер ынтымақтастығының басым бағыттары бойынша халықаралық шарттар және басқа да құжаттар жобаларын әзірлеу бойынша ұсыныстар әзірлеу.

2.8. Бірлескен ғарыш қызметінің перспективті бағыттары бойынша ТМД-ға қатысуши мемлекеттер ұсыныстарын қарау.

2.9. Ғылыми, оқыту және басқа сипаттағы ақпараттық және жарнамалық қызметті ұйымдастыруды өзара іс-қимыл жасау.

2.10. ТМД-ға қатысуши мемлекеттер мұддесінде ғарыш ғылыми мен техникасын дамыту мәселелері бойынша консультациялар және пікір алмасулар жүргізу.

2.11. Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласында кадрларды кәсіби даярлау, оларды қайта даярлау және мамандардың біліктілігін арттыру іс-шараларын ұйымдастыруды жәрдемдесу.

2.12. Қолданыстағы әлемдік тәжірибелі есепке ала отырып, ғарыш ортасын қорғау мәселесін шешуге өз құзыреті шегінде өзара келісілген тәсілдерді әзірлеу.

2.13. ТМД-ға қатысуши мемлекеттер жүргізетін ғарыш саласындағы халықаралық ғылыми конференциялар, конгрестер, симпозиумдар, көрмелер және басқа да іс-шараларды ұйымдастыруға жәрдемдесу.

2.14. Келісімге қатысуши мемлекеттердің ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану бойынша бірлескен қызметті жүзеге асыратын реттеуші халықаралық келісімдерді іске асыру кезінде туындауы мүмкін даулар бойынша консультациялар мен келіссөздер жүргізу.

2.15. Кеңестің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді іске асыруға арналған басқа да функциялар болып табылады.

### **III. Кеңестің құқықтары**

Кеңес өзінің функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін:

3.1. Кеңестің құзыретіне қатысты мәселелер бойынша құжаттар жобасын дайындауға және оларды белгіленген тәртіппен ТМД-ның Мемлекет басшылары кеңесінің, Үкімет басшылары кеңесінің, Экономикалық кеңесінің қарауына енгізуге;

3.2. ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану бойынша қызметке жауап беретін, ғарыш агенттіктерінен немесе ТМД-ға қатысуши мемлекеттердің атқарушы

биліктерінен, сондай-ақ ТМД-ның салалық ынтымақтастық органдарынан Кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпаратты белгіленген тәртіппен сұрауға.

3.3. Кеңес қызметінің жекелеген бағыттары бойынша уақытша жұмыс органдарын (комиссиялар, топтар) құру және қажет жағдайларда олар туралы ережені бекітуге құқылы және Жұмыс органдары жыл сайын Кеңеске өзінің қызметі туралы есеп береді.

3.4. Кеңестің жұмыс Регламентін (бұдан әрі – Регламент) өзірлеу мен бекітуге және оған өзгерістер енгізуге құқылы.

## IV. Кеңесті қалыптастыру тәртіbi

4.1. Кеңес құрамына Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының басшылары кіреді.

Тараптардың әр мемлекеті Кеңесте бір дауысқа ие. Кеңес отырысына Кеңес мүшелерін алмастыратын тұлғаларды жіберген жағдайда, олардың өкілеттіктері жазбаша түрде расталуға тиіс.

4.2. Кеңес беру құқығына ие Кеңес хатшылығының басшысы және ТМД Атқарушы комитетінің өкілі Кеңес құрамына кіре алады.

4.3. Кеңестегі төрағалықты Келісімге қатысушы әр мемлекет атынан оның өкілі ТМД-га қатысушы мемлекеттер атауларының орыс әліпбі тәртібімен, әдетте, егер Кеңестің шешімімен басқаша белгіленбесе бір жыл бойы жүзеге асырады.

Кеңестің алдыңғы және келесі төрағалары оның тәң төрағалары болып табылады.

Кеңес төрағасы уақытша болмаған жағдайда оның міндеттері тәң төрағалардың біреуіне жүктеледі.

## V. Жұмысты ұйымдастыру

5.1. Кеңес өз отырыстарын жылына бір реттен сиретпей өткізеді. Қажеттілігіне қарай кезектен тыс отырыстары шақырылуы мүмкін.

5.2. Кез келген Тараптар мемлекеттерінің ұсынысы бойынша Кеңес мүшелерінің көпшілігі қолдаған жағдайда Кеңестің кезектен тыс отырыстары өткізілуі мүмкін.

5.3. Егер отырыста Кеңес мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан болса, Кеңес шешімі заңды болып есептеледі.

5.4. Отырысты өткізу орны Кеңес мүшелерінің алдын ала келісуі бойынша айқындалады.

5.5. Кеңес өз жұмысын Кеңес өзірлейтін және бекітетін жылдық жұмыс жоспарлары негізінде ұйымдастырады, сондай-ақ жыл сайын ТМД-ның Атқарушы комитетіне өз қызметі туралы ақпарат ұсынады.

5.6. Кеңестің шешімі бойынша оның жұмысында Келісімнің қатысушысы болып табылмайтын мемлекеттердің мұдделі ведомстволарының және ұйымдардың, оның ішінде халықаралық ұйымдардың өкілдері бақылаушы ретінде қатыса алады.

5.7. Қызметтің негізгі мәселелері бойынша және бірлескен жобалар мен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу туралы өзге құжаттарды бекіту туралы Кеңестің шешімі консенсуспен қабылданады.

Кеңес мүшесі Кеңес құзыреті шеңберінде кез келген мәселелерді талқылауға қоюға, олар бойынша шешімдер қабылдауға қол жеткізуға, Кеңес қабылдайтын шешімдерді орындау туралы қажетті ақпарат алуға құқылы.

Кез келген Кеңес мүшесі қандай да бір өзге мәселеге өзінің мүдделігі еместігі туралы мәлімдей алады, ол Кеңестің шешімі қабылданған кезде бөгет ретінде қарастырылмауға тиіс.

Шешіммен келіспеген Кеңес мүшелері отырыстың хаттамасында көрсетілетін ерекше пікір білдіре алады.

5.8. ТМД-ға қатысушы қандай да бір мемлекеттің мүддесін тікелей қозғайтын Кеңестің шешімдері оның өкілі болмағанда қабылданбайды.

5.9. Төраға Кеңестің бірінші отырысында сайланады. Төраға кеңес жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын басқарады, Регламентті сақтауды қамтамасыз етеді.

5.10. Кеңестің шешіміне Кеңес төрағасы қол қояды.

5.11. Кеңестің отырысы Кеңес бекітетін Регламентке сәйкес жүргізіледі.

5.12. Кеңестің кезекті отырысына арналған материалдар оның мүшелеріне оны өткізгенге дейін 30 күннен кешіктірмей жолданады.

5.13. Кеңес қызметтің ұйымдастыруышылық-техникалық және ақпараттық қамтамасыз етуді оның хатшылығы жүзеге асырылады.

5.14. Кеңес хатшылығының функциялары өкілі Кеңесте төрағалық ететін Тараптар мемлекеттің мемлекеттік органына ТМД Атқарушы комитетінің құрылымдық бөлімшесімен бірге жүктеледі.

Кеңес хатшылығының басшысы Кеңесте төрағалық ететін мемлекеттің тиісті мемлекеттік органының өкілі, ал хатшылық басшысының орынбасары – ТМД Атқарушы комитетінің өкілі болып табылады.

5.15. Кеңестің отырысында қабылданған құжаттар екі апта мерзім ішінде оның барлық мүшелеріне жолданады.

5.16. Кеңестің және оның жұмыс органдарының жұмыс тілі орыс тілі болып табылады.

## **VI. Қорытынды ережелер**

6.1. Кеңес отырыстарын өткізуді ұйымдастыруға байланысты шығыстар ТМД-ға қатысушы қабылдаушы мемлекеттің тиісті мемлекеттік органының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Кеңес мүшелерін және басқа да отырыс қатысушыларын іссапарға жіберу шығыстарын ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жіберуші тиісті мемлекеттік органдары және ұйымдары жүзеге асырады.

6.2. Кеңесті тарату туралы шешімді ТМД-ның Үкімет басшыларының кеңесі қабылдайды.

Тәуелсіз Мемлекеттер  
Достастығына қатысушы  
мемлекеттердің ғарыш кеңістігін  
бейбіт мақсаттарда зерттеу және  
пайдалану саласындағы  
бірлескен қызметін жүзеге  
асыру туралы келісімге  
2-қосымша

## **Зияткерлік меншік және іскерлік жасырын ақпарат**

Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің бірлескен қызметін жүзеге асыру туралы келісімнің (бұдан әрі – Тараптар, Келісім) және Келісімнің 7-бабының 4-тармағында көзделген жекелеген келісімдердің (бұдан әрі – жекелеген келісімдер) нысанасы болып табылатын ынтымақтастық шенберінде алынатын немесе пайдаланылатын Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына және халықаралық шарттарға сәйкес зияткерлік меншік құқықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз етеді.

Бірлескен қызметке қатысушылар зияткерлік меншік объектісі ретінде құқықтық қорғауға жататын бірлескен қызметтің барлық нәтижелері туралы бір-бірін уақтылы хабардар етеді және мұндай күзетуді қамтамасыз ету жөніндегі басқа формалды рәсімдерді тіркеуді жүзеге асыру әрі орындау мақсатында тез арада өзара іс-қимыл жасайды.

### **1-бөлім Қолданылу аясы**

1. Осы қосымшаның ережелері Келісімге сәйкес ынтымақтастық мақсатында жүзеге асырылатын бірлескен қызметтің барлық түрлеріне қолданылады.

2. Осы қосымша Тараптар немесе бірлескен қызметке қатысушылар арасында бірлесіп құрылған зияткерлік меншіктің нәтижесі құқықтарын бөлуді реттейді.

3. Осы қосымша Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларында және бірлескен қызметке қатысушылардың ішкі реттеу ережелерінде белгіленген зияткерлік меншік құқықтарын, сондай-ақ Тараптардың кез келгенінің бірлескен қызметке қатысушыларының арасындағы қатынастарды немесе Тарап пен осы бірлескен қызметке қатысушылар арасындағы қатынастарды құқықтық реттеу тәртібін өзгертпейді. Осы қосымша Тараптардың халықаралық міндеттемелеріне зиян келтірмейді.

4. Бірлескен қызметті жүзеге асыру Тараптардың және (немесе) бірлескен қызметке қатысушылардың бұрын болған зияткерлік меншікке құқықтарын қозғамайды.

5. Келісімнің қолданысын тоқтату осы қосымшаға сәйкес туындаған құқықтар мен міндеттемелерді осындай тоқтауға дейін қозғамайды.

## **2-бөлім Құқықтарды бөлісу және пайдалану**

1. Тараптар және бірлескен қызметке қатысушылар бірлесіп құрылатын зияткерлік қызмет нәтижелері құқықтарын бөлуге және зияткерлік меншікті пайдалануға қатысты мынадай негізгі қағидаттарды қолданады:

- 1) Келісім шеңберінде алынған және (немесе) пайдаланылатын зияткерлік қызметтің нәтижелерін тиісті қорғау;
- 2) Тараптардың және (немесе) бірлескен қызметке қатысушылардың бұрын болған зияткерлік меншікті қоса алғанда, бірлесіп құрылатын зияткерлік меншікке құқықтарын және оларды пайдаланудан түсетін кірістерді бөлу кезінде тиісті салымдар мен оған қатысты мұдделерін есепке алу;
- 3) зияткерлік меншікті тиімді пайдалану;
- 4) бірлескен қызметке қатысушылармен кемсітпей жұмыс істеу;
- 5) іскерлік жасырын ақпаратты қорғау;
- 6) бұрын болған зияткерлік меншікті ол зияткерлік меншік пайдаланылу жоспарланған мемлекеттің аумағында оған құқықтық қорғау берілгеннен кейін ғана тапсыру және пайдалану;
- 7) Тараптар мемлекеттерінің бюджеттік қаржысының есебінен құрылған зияткерлік меншік құқықтарының объектілері құқығына қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға, тергеуге, жолын кесуге және тыйым салуға бағытталған іс-шараларды Тараптардың міндетті түрде жүзеге асыруы;
- 8) Келісім шеңберінде алынған және (немесе) пайдаланылатын зияткерлік меншікке үшінші Тараптың (мемлекет, жеке және занды тұлға) занды құқық бұзушылықтарының жолын кесу;
- 9) беруші Тараптың және (немесе) беруші бірлескен қызмет қатысушыларының Келісім шеңберінде берілген зияткерлік меншік құқықтары объектілеріне құқықтарын осы Тараптың және (немесе) оның бірлескен қызметке қатысушыларының, үшінші Тараптан (мемлекет, жеке және занды тұлға) және (немесе) алушы бірлескен қызметке қатысушылардан талап етілуі мүмкін Тарап және (немесе) оның бірлескен қызметке қатысушылары ол туралы беруші Тарапты және (немесе) оның бірлескен қызметке қатысушыларын дереу хабардар ететінін есепке ала отырып, беруші Тарап және (немесе) оның бірлескен қызметке қатысушылары талаптарды реттеуі.
2. Тараптар және (немесе) бірлескен қызметке қатысушылар бірлескен негізде зияткерлік қызмет нәтижелерін бағалау және пайдалану жоспарларын жасайды.

Көрсетілген жоспарлар ынтымақтастықтың басталуына дейін не оны жүзеге асыру барысында қандай да бір Тарап немесе басқа Тараптан немесе басқа Тараптың оның бірлескен қызметке қатысушыларының және олардың бірлескен қызметке қатысушыларының құқықтық қорғалуға жататын зияткерлік қызмет нәтижесін алғаны туралы жазбаша нысандағы хабарлама беру күнінен бастап екі ай мерзім ішінде өзірленеді.

Мұндай жоспарлар бірлескен қызмет шенберінде берілген, бұрын болған зияткерлік меншікті қоса алғанда, Тараптардың және олардың бірлескен қызметке қатысушыларының қаралып жатқан қызметке тиісті салымдарын ескере отырып жасалады және зияткерлік меншікті пайдалануының түрлері мен көлемдерін, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің аумағында және қажет болған жағдайда үшінші мемлекеттер аумағында оған құқықтарды жүзеге асырудың талаптары мен тәртібін белгілейді.

Егер зияткерлік қызмет нәтижелерін бағалау және пайдалану жоспарларында өзгеше көзделмесе, бірлескен қызметке қатысушылар бірлесіп құрылған зияткерлік меншік объектілерін өздерінің жеке қажеттіліктеріне пайдалануына құқығы бар. Тараптар және бірлескен қызметке қатысушылар Келісімнің 9-бабы 2-тармағының ережесін сақтаған кезде бірлесіп құрылған зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтарды бөлу және зияткерлік меншік объектілерін пайдалану мақсатында жекелеген келісімдерді жасасу жолымен бірлескен қызметтің шарттарын белгілей алады.

3. Тараптар және бірлескен қызметке қатысушылар өзара уағдаластық арқылы зияткерлік қызмет нәтижелері патенттелуге, тіркелуге не құпия болып сақталуға тиіс екендігін шешеді. Тараптар және бірлескен қызметке қатысушылар зияткерлік меншік объектілері ретінде тіркелуі немесе патенттелуі тиісті нәтижелер туралы шешім қабылданғанға дейін бірлесіп құрылған зияткерлік қызмет нәтижелері туралы мәліметті жария етпеуге кепілдік береді.

4. Бірлесіп құрылған зияткерлік қызмет нәтижелеріне патенттерді беруге өтінімдер алғашқы кезекте осындай нәтижелер құрылған аумақ мемлекетінің уәкілетті органына беріледі.

5. Осы бөлімнің 1, 2 және 4-тармақтарының ережелеріне сәйкес үшінші мемлекеттердегі бірлесіп құрылған зияткерлік қызмет нәтижелерін күзетпен қамтамасыз ету және оларға құқықтарды бөлу мәселесі бойынша Тараптардың кез келгенінің немесе кез келген бірлескен қызметке қатысушының өтініші бойынша консультациялар жүргізіледі.

6. Басқа Тараптың ұйымдарының жұмысына тартылған қандай да бір Тараптың зерттеушілеріне, ғалымдарына және өзге мамандарына зияткерлік меншік объектілері құқықтарына және әрбір қабылдаушы ұйымның зерттеушілеріне, ғалымдарына және өзге мамандарына қатысты ішкі реттеу ережелерімен анықталатын құқықтарға байланысты ықтимал сыйақылар мен төлемдерге қатысты қабылдаушы ұйымның ішкі

реттеу ережелері қолданылады. Өнертапқыш ретінде белгіленген әрбір зерттеушінің, ғалымның немесе өзге маманның өзінің салымына сәйкес лицензиялық шарт бойынша қорғалатын зияткерлік қызмет нәтижелерін пайдалануға құқық беру үшін қабылдаушы үйимға тиесілі кез келген төлемнің үлесін алуға құқығы бар.

7. Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес құқықтық күзет берілетін жарияланымдарға авторлық құқық қолданылады. Бұл құқықтарды жүзеге асыру нысандары жекелеген келісімдерде белгіленеді. Бұл орынды және қажет болған жағдайда Тараптар және бірлескен қызметке қатысушылар әрбір Тараптың және бірлескен қызметке қатысушылардың авторлық құқықпен қорғалатын, бірлескен қызметтің тікелей нәтижесі болып табылатын ғылыми-техникалық мақалаларды, дәрістерді, баяндамаларды, кітаптар мен өзге де шығармаларды аударуға, қайта жаңғыруға және коммерциялық емес мақсатпен барлық мемлекеттерде көпшілік алдында таратуға ерекше емес, пікірсіз және өтеусіз лицензияларға құқықтарының болуын көздейтін келісілген шешім қабылдайды. Егер автор айқын көрсетілген нысанда өз тегін көрсетуден бас тартпаса немесе жасырын атпен шығуға тілек білдірмесе, зияткерлік меншіктің барлық таратылатын объектілерінде автордың тегі көрсетіледі.

8. Электронды-есептеуіш машинадар үшін бағдарламаларға және дерекқорларға айрықша құқық электронды-есептеуіш машинадар мен дерекқорлар үшін мұндай бағдарламаларды әзірлеуге және қаржыландыруға олардың тиісті салымдарын ескере отырып, екі Тараптың да бірлескен қызметке қатысушыларының арасында бөлінеді. Тараптар немесе бірлескен қызметке қатысушылар электронды-есептеуіш машинадар мен дерекқорлар үшін бағдарламаларды бірлесіп әзірлеген немесе бірлесіп қаржыландырган жағдайларда оларды коммерциялық пайдалану жағдайында пайданы бөлісуді қоса алғанда, электронды-есептеуіш машинадар мен дерекқорлар үшін мұндай бағдарламаларға қатысты қолданылатын режим жекелеген келісімдермен белгіленеді. Жекелеген келісімдер болмаған жағдайда, осы бөлімнің 2 және 3-тармақтарында көзделген, бірлескен қызметке байланысты құқықтарды бөлуге қатысты ережелер қолданылады.

9. Үшінші тараптың жеке және занды тұлғаларын қоса алғанда бірлесіп құрылған зияткерлік қызмет нәтижелерін үшінші Тараптың иелігіне беру мұндай нәтижелерді ұсынуға дейін алдын ала жасалатын жекелеген келісімдердің нысанасы болып табылады.

### **3-бөлім Іскерлік жасырын ақпарат**

1. Іскерлік жасырын ақпарат тиісті түрде жасырын ақпарат ретінде белгіленеді. Осы түрде белгілеу жауапкершілігі мұндай жасырындылықты талап етіп отырған Тарапқа немесе бірлескен қызметке қатысушыға жүктеледі. Тараптың немесе бірлескен

қызметке қатысушының әрқайсысы өз мемлекетінің заңнамасына және жекелеген келісімдерде белгіленген шарттарға сәйкес қорғайды.

2. Егер жекелеген келісімдерде өзгеше көзделмесе, бірлескен қызметке қатысушылар іскерлік жасырын ақпаратты өзінің өкілдеріне (қызметшілеріне) бере алады. Мұндай ақпарат мердігерлер мен қосалқы мердігерлерге, олармен жасасқан жекелеген келісімдерді қолдану шегінде берілуі мүмкін. Осы түрде берілген ақпарат жасырындылық туралы ережелерді қолдану шарттары мен мерзімдері көзделуі тиіс жекелеген келісімдерді қолдану шегінде ғана пайдаланыла алады.

3. Тараптар және бірлескен қызметке қатысушылар жасырындылықты қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді сактауға арналған барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Тәуелсіз Мемлекеттер  
Достастығына қатысушы  
мемлекеттердің ғарыш кеңістігін  
бейбіт мақсаттарда зерттеу және  
пайдалану саласындағы  
бірлескен қызметтің жүзеге  
асыру туралы келісімге  
3-қосымша

## **Бұйымдар мен технологияларды күзету жөніндегі шаралар**

### **1-бөлім Қолданылу аясы**

1. Осы қосымшаның ережелері күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты бірлескен қызметтің барлық түрлері мен сатыларына, атап айтқанда:

бірлескен қызметке қатысушылардың барлық объектілерінде;

Тараптар мемлекеттерінің юрисдикциясындағы және (немесе) бақылауындағы объектілерінде;

Тараптар мемлекеттері өкілдерінің әрекеттеріне;

экспорттаушы (импорттаушы) Тараптың уәкілетті лауазымды адамдарының әрекеттеріне қолданылады.

2. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың сақталуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде іске асыру кезінде Тараптар үшінші мемлекеттердің үкіметтерімен және қажет болса осы Келісіммен үйлесетін шарттарда тиісті құзыреті бар халықаралық ұйымдармен ынтымақтасады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін және осы қосымшаның 3-бөлімінің 1-тармағында және 10-бөлімінің 7-тармағында жазылған талаптарды ескере отырып, Тараптар олардың құзыретті және уәкілетті органдарының келісілген ұсынымдарының негізінде үшінші мемлекеттерден шығатын және оларға қатысты үшінші мемлекеттерде экспорттауға және (немесе)

басқа рұқсаттарға лицензиялар (рұқсаттар) және (немесе) Келісімде және осы қосымшада көзделген шарттармен және рәсімдермен барынша мүмкін дәрежеде үйлесімді бола алатын шарттар мен рәсімдерді орындау үшін үшінші мемлекеттердің және (немесе) халықаралық ұйымдардың үкіметтерімен өзара негізде Келісім жасасу немесе жазбаша түрде уағдаластықтарға қол жеткізу арқылы мемлекеттік органдар беретін өзге рұқсаттар күзетілетін ұйымдар мен технологияларға қатысты Келісім қолданылады.

## **2-бөлім Технологияларды күзету жоспарлары**

1. Тараптар өзінің құзыретті және уәкілетті органдары арқылы күзетіletіn бұйымдар мен технологияларға қатысты кез келген бірлескен қызмет осы Келісімге қатысуши тиісті әр Тараптың өз мемлекетінің өкілдері технологияларды күзету жоспарларында көзделген рәсімдерге сәйкес жүзеге асырылуын және мұндай жоспарлар күзетіletіn бұйымдар мен технологиялардың сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қаралуын қамтамасыз етеді.

2. Технологияларды күзету жоспарларын Тараптардың бірлескен қызметке қатысушилары Келісімге сәйкес әзірлейді және тиісті Тараптардың құзыретті және уәкілетті органдары күзетіletіn бұйымдар мен технологияларға қатысты бірлескен қызмет басталғанға дейін алдын ала бекітуге тиіс.

Көрсетілген жоспарларда, ең кем дегенде мынадай негізгі ақпарат болуы тиіс:

1) күзетіletіn ұйымдар мен технологияларды тиеуге (түсіруге) қатысты операцияларды жүзеге асыру тәртібі, соңдай-ақ персоналдардың жұмыс аймақтарына кіруге рұқсат тәртібі;

2) ұшыру кешіктірілгенде, тоқтатылғанда немесе сәтсіз ұшыру жағдайында жасау қажет рәсімдер;

3) күзетіletіn бұйымдар мен технологияларға қатысты техникалық бақылау және тіркеу әдістері мен жүйелері;

4) күзетіletіn бұйымдар мен технологияларды тасымалдау кезінде жауапкершілікті беру уақыты, орны мен рәсімдері;

5) күзетіletіn бұйымдар мен технологияларды сақтаумен және қажет болғанда пайдаға асырумен байланысты рәсімдер.

3. Тараптар өзінің құзыретті және уәкілетті органдары арқылы технологияларды күзету жоспарларының орындалуын тиімді және уақытында жүзеге асыру бойынша қызмет етеді.

## **3-бөлім Лицензиялардың күші**

1. Экспорттаушы Тарап өзінің құзыретті органы және уәкілетті органы (өзінің уәкілетті органдары) арқылы қүзетіletтін бұйымдар мен технологияларға қатысты талаптардың және қажет жағдайларда зымыран технологияларын таратпау талаптарының сақталуын, өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес экспорттық лицензияларды және (немесе) қүзетіletтін бұйымдар мен технологияларға қатысты өзге рұқсаттарды беру арқылы, сондай-ақ Келісімде көзделген тиісті шараларды іске асыру арқылы қамтамасыз етеді және өзінің құзыретті және (немесе) уәкілетті органы (өзінің уәкілетті органдары) арқылы импорттаушы Тарапты оның құзыретті және уәкілетті органы (өзінің уәкілетті органдары) арқылы мұндай экспорттық лицензиялардың және (немесе) өзге рұқсаттардың ережелері туралы хабарлайды.

Импорттаушы Тарап өзінің құзыретті және уәкілетті органы (өзінің уәкілетті органдары) арқылы қүзетіletтін бұйымдар мен технологияларға қатысты талаптардың және тиісті жағдайларда зымыран технологияларын таратпау талаптарының сақталуын, өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес импорттық лицензияларды және (немесе) қүзетіletтін бұйымдар мен технологияларға қатысты өзге рұқсаттарды, халықаралық импорттық сертификаттарды, соңғы пайдаланушының сертификаттарын және қүзетіletтін бұйымдар мен технологияларға қатысты өзге рұқсаттарды беру арқылы, сондай-ақ осы Келісімде көзделген тиісті шараларды іске асыру арқылы қамтамасыз етеді және өзінің құзыретті және уәкілетті органы (өзінің уәкілетті органдары) арқылы экспорттаушы Тарапты оның құзыретті және уәкілетті органы (өзінің уәкілетті органдары) арқылы мұндай импорттық лицензиялардың, соңғы пайдаланушының сертификатарының және өзге рұқсаттардың ережелері туралы хабардар етеді.

Тараптар, реэкспорттаушы Тарап өзінің құзыретті және өзінің уәкілетті органы (өзінің уәкілетті органдары) арқылы қүзетіletтін бұйымдар мен технологияларға қатысты талаптардың және тиісті жағдайларда таратпау талаптарының сақталуын, өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес экспортқа лицензияларды (рұқсаттарды) және қүзетіletтін бұйымдар мен технологияларға қатысты өзге рұқсаттарды беру арқылы, сондай-ақ осы қосымшада көзделген шарттармен және рәсімдермен барынша мүмкін дәрежеде үйлесімді болып табылатын, қүзетіletтін бұйымдар мен технологияларды ұсташа талаптарын көздеуге тиіс үшінші мемлекеттердің үкіметтерімен жазбаша нысандағы келісімдер мен уағдаластықтарды орындау жөніндегі тиісті шараларды іске асыру арқылы қамтамасыз ететініне келіседі.

2. Тараптар осы бөлімнің 1-тармағында көрсетілген, онда көзделген талаптармен, Тараптар мемлекеттерінде берілген құжаттардың үздіксіз қолданылуын қамтамасыз ету үшін мүмкін барлық күштерін салады.

3. Егер кез келген Тарап өзінің құзыретті және өзінің уәкілетті органы (өзінің уәкілетті органдары) арқылы Келісімнің кез келген ережелері, соның ішінде технологияларды қүзету жоспарларына қатысты бөлігінде бұзылғанын анықтаса немесе онда мұндай бұзушылықтар мүмкіндігіне апарып соғатын мән-жайларды айқын

көрсететін мәліметтер болса, ол өзінің құзыретті және (немесе) өзінің уәкілетті органы (өзінің уәкілетті органдары) арқылы өзінің экспорттық лицензиясының қолданылуын тоқтата алады немесе кері шақыртып ала алады, сондай-ақ қүзетілетін бұйымдар мен технологиялардың экспортына (реэкспортына) және тиісті қызметтер ұсынуға тиісті шектеулер енгізе алады. Тараптар өзінің құзыретті органдары және (немесе) өзінің уәкілетті органдары арқылы одан әрі әрекеттесуді жүзеге асыруға және бүкіл бірлескен қызметті немесе оның жекелеген түрлерін жүзеге асыруға мораторий енгізуіді немесе тыйым салуды қоса алғанда, қалыптасқан жағдайға пара-пар ұйымдық және құқықтық сипатта шаралар қабылдауға қатысты дереу консультациялар өткізеді.

4. Келісімде ешнэрсе Тараптардың кез келген әрекет жасауға және (немесе) бірлескен қызметті лицензиялауға және (немесе) әр өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес бірлескен қызметті жүзеге асыруға рұқсатқа қатысты өкілеттіктерін шектемейді.

Егер экспорттаушы Тарап, реэкпорттаушы Тараптың үшінші мемлекеттің үкіметімен және (немесе) халықаралық ұйыммен келісімнің, соның ішінде технологияларды құзету жоспарларына қатысты бөлігінде кез келген ережелерінің бұзылғанын анықтаса немесе мұндай бұзушылықтар мүмкіндігіне апарып соғатын немесе Келісімде және осы Қосымшада көзделген, қүзетілетін бұйымдар мен технологияларды ұстау шарттары мен рәсімдерін лайықты түрде қамтамасыз етпейтін осы мән-жайларды айқын көрсететін мәліметтері болса, экспорттаушы Тарап экспортқа өзінің лицензиясының (өзінің рұқсатының) қолдануын тоқтата алады немесе кері шақыртып ала алады және қүзетілетін бұйымдар мен технологиялардың экспортына (реэкспортына) тиісті шектеулер енгізе алады.

5. Бірлескен қызметті жүзеге асыруға лицензияларды немесе өзге рұқсаттарды беру, тоқтата тұру немесе кері шақыртып алу тәртібі Келісімнің мақсаттары мен талаптарына сай болуға тиіс. Әрбір Тарап өзінің құзыретті және уәкілетті органдары (өзінің уәкілетті органдары) арқылы әрекет ете отырып, бірлескен қызметке қатысушыларды тарату немесе қайта құру кезінде Келісімді орындауға қатысты әрбір басқа Тараптың, әрбір басқа Тарап мемлекетінің жеке және занды тұлғаларының құқықтары мен мұдделерін қорғау үшін қажетті шаралар қабылдайды.

6. Кез келген Тарап бірлескен қызметке қатысты немесе бірлескен қызмет аяқталуына орай оның мемлекетінде берілген лицензияны және (немесе) рұқсатты тоқтата тұрған немесе кері шақыртып алған жағдайда импорттаушы Тарап қүзетілетін бұйымдар мен технологиялардың экспорттаушы Тарап мемлекетінің аумағына немесе экспорттаушы Тарап мақұлдаған өзге орынға жедел қайтарылуына кедергі жасамайды және қажет болса көмектеседі.

#### **4-бөлім Тұрғындағы сертификаттау**

1. Тараптар Келісімді орындау тәртібімен бірлескен қызметті жүзеге асыру шеңберінде бірлескен қызметке қатысушылар импорттаушылар және соңғы пайдаланушылар ретінде күзетілетін бұйымдар мен технологияларды түпкілікті пайдаланудың Тараптардың құзыретті органдарына және (немесе) уәкілетті органдарына беретін өтініштеріне сәйкестігін қамтамасыз етеді.

2. Тараптар импорттаушылар және соңғы пайдаланушылар болып табылатын бірлескен қызметке қатысушыларды, өзінің әр тиісті мемлекетінің заңнамасын сақтау кезінде экспорттаушы Тарапқа импорттаушы Тараптың уәкілетті лауазымды адамдарды қол қойған және импорттаушы Тараптың құзыретті органы немесе уәкілетті органы (уәкілетті органдары) ресми түрде растиған түпкілікті пайдаланушылардың сертификаттарын рәсімдеуді және беруді міндептейді, күзетілетін бұйымдар мен технологияларды үшінші мемлекетке реэкспорт жағдайында – үшінші мемлекет үкіметінен уәкілетті лауазымды адамдар қол қойған және үшінші мемлекеттің тиісті құзыретті органы (тиісті құзыретті органдары) ресми түрде растиған сертификаттар, онда бірлескен қызметке қатысушылар және тиісті жағдайларда бірлескен қызметке қатысушы үшінші мемлекеттердің жеке және заңды тұлғалары:

1) экспорттаушы Тарап мемлекетінің аумағынан шығарылатын (экспортталатын) күзетілетін бұйымдар мен технологияларды, бірлескен қызметті жүзеге асыру мақсатында ескерілген мақсаттарда пайдалануды;

2) күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың немесе олардың туындыларының модификациясын, көшіруді, өндірісін (өндіруді), кері жобалауды (құрылманы бөлшектеу, қалпына келтіру), жаңғыруды (экспорттаушы Тарап мемлекетінде өндірілген бұйымдарды пайдаланумен сияқты, сондай-ақ кез келген басқа бұйымдарды, тораптар мен құрамдауыштарды пайдаланумен), реэкспортын: өз мемлекетінің аумағынан кез келген осындағы бірлескен қызметке қатысушылар бақылайтын заңды тұлғаларға, филиалдарға, өкілдіктерге, серіктестіктерге немесе әріптестерге әкетуді не мұндай күзетілетін бұйымдар мен технологияларды үшінші елдерге немесе заңды және (немесе) жеке тұлғаларға экспорттаушы Тараптың жазбаша нысандағы алдын ала келісімінсіз кез келген мынадай табыстауды және оның мемлекетінің заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың тиісті лицензия беруді қоса алғанда, жүзеге асырмая, рұқсат бермеуге және алдын алуға міндептенеді.

3. Түпкілікті пайдалануши сертификатының мәтіні күзетілетін бұйымдар мен технологиялар мәлімденген мақсаттарда ғана пайдалануына қатысты импорттаушы (реэкспорттаушы) Тараптың кепілдіктеріне қатысты экспорттаушы Тараптың талаптарын ескере отырып жасалады және экспорттаушы Тараптың құзыретті органының және уәкілетті органының жазбаша нысандағы рұқсатының кейін табыстауға жатпайды.

4. Импорттаушы (реэкспорттаушы) Тарап өзінің құзыретті органы және (немесе) өзінің уәкілетті органы (өзінің уәкілетті органдары) арқылы экспорттаушы Тарапқа

бірлескен қызметке қатысушыдан алғынған сертификатта жазылған кез келген фактілердің немесе ниеттердің, соңғы пайдаланушыға, күзетілетін бұйымдар мен технологияларды пайдалануға, көшірге немесе түрлендіруге қатысты өзгерістерді қоса алғанда, өзгерістер туралы мәліметтерді шүғыл хабарлайды, мұндай рәсім Тараптардың құзыретті органдары және (немесе) уәкілетті органдары арқылы жүзеге асырылатын болғандықтан және фактілер мен ниеттердің мұндай өзгерістерін экспорттаушы Тараптың құзыретті органының немесе уәкілетті органының (уәкілетті органдарының) жазбаша нысанда растауы болғандықтан, заңды деп қарамайды. Тараптар жекелеген келісімдер мен уағдаластықтар арқылы үшінші мемлекеттердің үкіметтерімен мұндай тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді.

5. Түпкілікті пайдаланушиның сертификаты импорттаушы Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган оны макұлдағаннан кейін, импорттаушы ретінде бірлескен қызметке қатысушыға оны экспорттаушы Тараптың құзыретті органына және (немесе) уәкілетті органына (уәкілетті органдарына) одан әрі ұсыну үшін жіберіледі.

## **5-бөлім Бақылау және сүйемелдеу функциялары**

1. Тараптар олардың мемлекеттерінде берілген экспорттық лицензиялардың және (немесе) олар берген рұқсаттардың талаптары үнемі сақталуын қамтамасыз ету үшін, тиісті сұраныс болған жағдайда құпиялық сақталған кезде, өзара негізде күзетілетін бұйымдар мен технологияларды ұстау тәртібін тексеруге мүмкіндік береді. Мұндай тексерулерді шүғыл жүргізуудің басқаруышы қағидаттары мен толық рәсімдері консигнаторлармен бірлесіп Тараптардың құзыретті және (немесе) уәкілетті органдарымен келісіледі.

2. Тараптар мемлекеттері өкілдерінің тиісті Тараптар мемлекеттеріне тиесілі күзетілетін бұйымдар мен технологияларды, олар Тараптар мемлекеттерінің басқа әр ау мағында болған уақытта, оларды тұрақты негізде караусыз сүйемелдеуді жүзеге асыруға құқығы бар. Тараптар мемлекеттерінің өкілдері өз өкілеттіктерін жүзеге асырады және осы қосымшаға сәйкес мұндай күзетілетін бұйымдар мен технологияларды ұстау функцияларын бақылауды және қадағалауды, тексеруді және реттеуді жүзеге асырады. Тараптар үшінші мемлекеттердің үкіметтерімен келісімдер және уағдаластықтар шеңберінде күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың үшінші мемлекеттерге реэкспорты жағдайында Тараптардың көрсетілген өкілеттіктерді жүзеге асыруын көздейді және бірлескен қызметке қатысушыларға Тараптар мемлекеттерінің өкілдеріне мұндай құқықты көздеуді тапсырады.

3. Күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты нақты бірлескен қызметтің сипатын ескере отырып, Тараптар мемлекеттерінің өкілдері өз қызметін Тараптардың әр басқа мемлекетінің ау мағында, консигнаторлар құратын бағдарламалар мен

жобаларды арнайы бірыңғай немесе жекелеген басқару қызметтері шенберінде жүзеге асыра алады.

Тараптар өзінің құзыретті және уәкілетті органдары арқылы күзетіletіn бұйымдар мен технологияларды ұстаумен байланысты рәсімдерді жүзеге асыру құқығы экспорттаушы Тарап мемлекетінде қолданылатын тәртіппен расталған бірлескен қызметке қатысушылар ғана экспортталатын күзетіletіn бұйымдар мен технологияларға кіруге рұқсатты, оларды барлық тасымалдау, сақтау, олармен кез келген технологиялық жұмыстарды, тиісті жағдайларда күзетіletіn бұйымдар мен технологияларды экспорттаушы Тарап мемлекетінің аумағына немесе экспорттаушы Тарап, осы Тарап мемлекетінде берілген экспортқа лицензиялардың (рұқсаттың) және (немесе) өзге рұқсаттардың талаптарына сәйкес экспорттаушы Тарап макұлдаған өзге орынға қайтаруды қоса алғанда, орындау уақытында тәулік бойы бақылауды қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдайды.

4. Импорттаушы Тарап күзетіletіn бұйымдар мен технологияларға қатысты бірлескен қызметті жүзеге асыру және осы Келісім шенберінде өз құқықтары мен функцияларын уақытында жүзеге асыру мақсатында оның мемлекетінің аумағына экспорттаушы тарап өкілдерінің кіруіне және болуына тиісті көмек көрсетеді.

## **6-бөлім Қолжетімділікке қатысты басқарушы қағидаттар**

1. Күзетіletіn бұйымдармен және технологиялармен жұмыс оларға қажетті қорғауды қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылады. Қорғау дәрежесі, экспорттаушы Тараптың өкілдері күзетіletіn бұйымдар мен технологиялардың сипатын ескере отырып айқындалады. Экспорттаушы және импорттаушы Тараптың бірлескен қызметіне қатысушылардың өзара уағдаластығы бойынша оларға кіруге рұқсат шектеулі және (немесе) экспорттаушы Тараптың өкілдері бақылайтын қорғалған аймақтар құрылады.

2. Тараптар осы бөлімнің 1-тармағын ескере отырып, өзінің құзыретті және уәкілетті органдары арқылы әрекет ету арқылы бірлескен қызметке қатысушыларға тек күзетіletіn бұйымдармен және технологиялармен ғана жұмыс істеуге арнайы бөлінген нысандарға, үй-жайларға және көлік құралдарына немесе қорғалған аймақтарға реттелген кіруге рұқсатты, мұндай реттелетіn кіруге рұқсат импорттаушы Тарап өкілдерінің сұрауымен және экспорттаушы Тарап өкілдерінің қатысуымен болатындықтан, қамтамасыз ету рәсімдері мен жүйені әзірлеуді, қолдануды және қолдауды тапсырады.

3. Тараптар осы бөлімнің 1 және 2-тармақтарының ережелерін ескере отырып, осы бөлімнің 2-тармағында көрсетілген нысандарға, үй-жайларға және көлік құралдарына немесе қорғалған аймақтарға кіруге рұқсатты ұйымдастыруға қолданылатын негізгі талаптарға мыналар:

1) өзінде тиісті түрде тіркелген рұқсатнамалары мен сәйкестендіруші төс карточкалары болуы тиіс барлық кіретін (шығатын) жеке тұлғаларды идентификациялау;

2) күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты технологиялық функциялардың бұзушылықтары мен сырттан араласу жоқтығына сенімділікті қамтамасыз ету мақсатында рұқсат пен болуға қатысты қағидалардың орындалуын бақылау және қадағалау;

3) бүкіл қорғау жүйесінің қызметін жүйелі негізде немесе қажет болған жағдайда рәсімдер мен қажетті сақтандыру немесе үйлестіру шараларын қабылдауды бағалау кіреді.

4. Экспорттауши Тарап, оның ішінде өзінің құзыретті органдары және (немесе) уәкілетті органдары (уәкілетті органдар) арқылы экспорттауши Тарап өкілдерінің бірлескен қызметті жүзеге асыру кезінде күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты экспорттық лицензиялардың және (немесе) өзге рұқсаттардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Экспорттауши Тарап, оның ішінде өзінің құзыретті органдары және (немесе) уәкілетті органдары (уәкілетті органдар) арқылы импорттауши Тарап өкілдерінің бірлескен қызметті жүзеге асыру кезінде күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты импорттық лицензиялардың (рұқсаттардың), түпкілікті пайдалануышының сертификатының және өзге рұқсаттардың сақталуын қамтамасыз етеді.

5. Тараптар өздерінің құзыретті және (немесе) уәкілетті органдары арқылы кез келген операцияларды жүргізуі күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың сақталуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар тиісті уағдастыққа жету үшін экспорттауши Тараптың күзетілетін бұйымдар мен технологияларға және оларды сүйемелдеуге рұқсатты бақылау құқығын іске асырылмауына әкелу мүмкіндігі туралы бір-біріне уақытында хабарлайды.

## **7-бөлім Мәжбүрлі таңбалау**

Тараптар бірлескен қызмет қатысушыларынан барлық күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың хабарламамен немесе арнайы тәсілдермен таңбалануын және сүйемелденуін талап етеді.

Бірлескен қызмет шеңберінде пайдаланылатын күзетілетін бұйымдар мен технологиялардағы мұндай таңбаланулар мен хабарламаларда нақты шарттар көрсетіледі және Келісімге сәйкес күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты кез келген рұқсат етілмеген әрекеттерге тыйым салу туралы ескертулер беріледі.

## **8-бөлім Шығару және тасымалдау**

1. Күзетілетін бұйымдар мен технологияларды аумаққа әкелу (импорттау) және оның мемлекетінің аумағы арқылы өткізуге барлық қажетті рұқсаттарды алу мақсатында импорттаушы (реэкспорттаушы) Тарап өкілдері берген және рәсімдеген өтінімдермен істің мән-жайы туралы экспорттаушы Тараптың өкілдері өзінің уәкілетті органдарына құзыретті және (немесе) уәкілетті органдарына (уәкілетті органдар) уақытылы хабарлайды. Экспорттаушы Тарап күзетілетін бұйымдар мен технологияларды шығаруды (экспорттау) алдын ала рұқсаттар алумен және технологияларды күзетудің тиісті жоспарларын қолданысқа енгізуге негіздейді.

2. Күзетілетін бұйымдар мен технологияларды экспорттаушы Тарап мемлекетінің аумағынан импорттаушы Тарап мемлекетінің аумағына және импорттаушы Тарап мемлекетінің аумағынан экспорттаушы Тарап мемлекетінің аумағына немесе экспорттаушы Тарап мақұлдаған өзге жерге кез келген тасымалдауға экспорттық лицензиялар және (немесе) Тараптардың және (немесе) олардың уәкілетті органдарының өзге де рұқсаттары Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларында белгіленген тәртіппен алдын ала алынуға тиіс.

3. Күзетілетін бұйымдар мен технологияларды тасымалдау технологияларды қорғау жоспарында мазмұндалған оларды қорғау бойынша шараларды сақтау кезінде жүзеге асырылады. Тараптар мемлекеттерінің аумағы арқылы күзетілетін бұйымдар мен технологияларды тасымалдау бойынша операцияларға Тараптардың келісімі, тасымалдаудың нақты мән-жайларымен байланысты, сондай-ақ Келісіммен үндесетін төтенше жағдайларға арнап әзірленген барлық қажетті ерекше шектеулер мен шарттарды қамтиды.

## **9-бөлім Кедендік операциялар**

Кедендік бақылау және күзетілетін бұйымдар мен технологияларға жататын тауарларға қатысты кедендік операцияларды жасау Тараптардың әр мемлекетінің заңнамасы мен осы Келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

Импорттаушы Тарап мемлекетінің кеден органдарына экспорттаушы Тараптың уәкілетті органының мөрмен бекітілген контейнерлер мен басқа да қаптамаларда осы Келісім шенберінде бірлескен қызметпен байланысты емес жүктөрді қамтымайтын және осындай деп жарияланбаған жазбаша растауды ұсынады.

Тараптың кеден органдары күзетілетін бұйымдар мен технологияларға жататын тауарларды тексеру құқығын сақтайды. Бұл ретте Тараптар қалыпты жағдайларда, тараптар күзетілетін бұйымдар мен технологияларды әкелуге (әкетуге) байланысты кеден ережелерін бұзу фактілерінің немесе белгілерінің болмауын білдіретін қалыпты жағдайлар кезінде импорттаушы Тараптың уәкілетті органының импорттаушы Тарап мемлекетінің кеден органдарының атына тиісті өтініші болған жағдайда кедендік тексеруден қалыс қалу керек екендігін түсінеді. Өзге жағдайларда, тексеру күзетілетін

бұйымдар мен технологияларға, сондай-ақ күзетілетін бұйымдар мен технологиялар үғымына жататын техникалық деректерге залал келтіру қатерін жан-жақты бағалау ескеріле отырып, оларға залал келтірмейтін, олардың техникалық және технологиялық сипаттамалары мен параметрлерін (технологиялық қаптаманың су өткізбеуін және тұтастығы мен физикалық жай-күйін сақтау кезіндегі бөліктегі) ашпайтын және көшірмейтін, сондай-ақ құзыретті және уәкілетті органдармен келісілген және макұлданған әдістер мен құралдар арқылы жүргізіледі.

## **10-бөлім Мұлікті құқықтық және физикалық қорғау**

1. Импорттаушы Тарап мемлекетінің аумағындағы және осы мемлекеттің юрисдикциясындағы және (немесе) бақылауындағы экспортталатын күзетілетін бұйымдар мен технологиялар, оның ішінде бұл бұйымдар мен технологиялар бірлескен қызметке қатысушының пайдалануында және оның басқаруында болған кезде алып қоюдың немесе атқарушылық өндірістің кез келген түрінен, сондай-ақ өндіріп алушы айналдыру немесе сот шешімі шыққанға дейін тұтқынға алу сияқты кез келген мәжбүрлеу шараларынан иммунитетті пайдаланады.

Экспорттаушы Тарап осы бөлімнің ережелерін қолдану тәртібімен мұндай иммунитеттен бас тартқанда, атап айтқанда, күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты экспорттаушы Тарап мемлекетінде берілген экспорттық лицензияларды және (немесе) өзге шешімдерді орындамау орын алғанда, экспорттаушы Тараптың өтініші бойынша импорттаушы Тараптың бірлескен қызметке қатысушысынан күзетілетін бұйымдар мен технологияларды алып қою қажеттілігі кезіндегі және күзетілетін бұйымдар мен технологияларды Келісімнің қағидаттары мен нормаларына сәйкес келетін жауапты сақтауға орналастыру қажеттігін, сондай-ақ күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты экспорттаушы Тарап өкілдерінің тұрақты ілесіп жүруін және бақылауын қамтамасыз еткен жағдайларда юрисдикциялық иммунитет қолданылмайды. Мұндай қызметті жүзеге асыру барысында кез келген белгіленген немесе болжанған бұзушылықтарға байланысты кез келген Тараптың бірлескен қызметке қатысушысының қызметін талқылау және тексеру барысында күзетілетін бұйымдар мен технологиялар кепіл немесе басқа қамтамасыз ету ретінде пайдаланылмайды. Тиісінше импорттаушы Тарап мемлекетінің органдары шешімдерінің негізінде немесе осы мемлекеттің сотындағы талқылаумен байланысты күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты өндіріп алушы айналдыру, тұтқындау, реквизиттеу немесе тәркілеу сияқты ешқандай мәжбүрлеу шараларын (мысалы, өндіріп алу арызы, тұтқындау, иеліктен айыру немесе тәркілеу) қолдануға болмайды.

2. Импорттаушы Тарап лицензиялар немесе оның мемлекетінде қолданылатын өзге де рұқсаттар беру шенберінде экспорттаушы Тараптың рұқсатымен және экспорттаушы Тараптың консигнаторларымен келісімдер негізінде оның бірлескен

қызметке қатысушыларында пайдаланудағы немесе басқарудағы экспортталатын күзетілетін бұйымдар мен технологияларды сатудан, жалға (қосалқы жалға) беруден, кепілдікке беруден, меншікті иесіздендіруден немесе олар экспортталған шарттарды бұзумен жеке және заңды тұлғаларға сенімгерлік басқаруға беруден кепілдік берілуі үшін құқықтық сипаттағы барлық қажетті шараларды қабылдайды. Экспорттаушы және импорттаушы Тараптардың бірлескен қызметке қатысушыларының арасындағы келісімшарттық міндеттемелер бойынша даулар туындаған жағдайда күзетілетін бұйымдар мен технологиялар кез келген міндеттемелерді қамтамасыз ету құралы бола алмайды немесе өзге түрде ауыртпалық салынбайды.

3. Күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты талаптың немесе даудың негізі болған немесе бола алатын құқықтық жағдайлар және (немесе) фактілер туындаған жағдайда экспорттаушы және иморттаушы Тараптар өзінің құзыретті органдары және (немесе) өзінің уәкілетті органдары арқылы тез арада консультациялар өткізеді және қажет болғанда мұндай талаптар мен даулардан қорғану үшін құқықтық және практикалық сипаттағы шаралар қабылдайды.

4. Осы бөлімнің ережелері күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты олардың импорттаушы Тарап мемлекетінің аумағы арқылы өткізуіне және бірлескен Келісіммен үйлесетін рәсімдерге сәйкес оның аумағында пайдаланылуына байланысты тиісті әкімшілік функцияларын жүзеге асыруды қозғамайды.

5. Экспорттаушы және иморттаушы Тараптар осы бөлімге сәйкес юрисдикциялық иммунитет қағидатын сақтауды қамтамасыз ете отырып, атқарушылық өкімдерді қолданудың келісілген рәсімдері мен тәжірибесін ұстанады, олар атап айтқанда, мыналарға:

1) күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты кедендік құқық бұзушылық оқиғасы және құрамы болуы салдарынан жекелеген тауарларды кедендік рәсімдеудің және шығарудың тоқтатыла туруына;

2) егер олармен қауіпсіз жұмыс істеуге Келісімге сәйкес қауіпсіздікке, қоғамдық тәртіпке, адамның өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ қоршаған табиғи ортаға қауіп-қатер жағдайында зиян келтірілуі мүмкін болса, күзетілетін бұйымдар мен технологияларды импорттаушы Тарап мемлекетінің аумағы арқылы өткізуге шектеулер енгізуге және осы аумақта пайдалануға;

3) бірлескен қызмет шеңберінде ұсынылатын кез келген ресурстарды және қызметтерді өрістету және пайдалану туралы нақты шешімдер қабылдау контекстінде күзетілетін бұйымдар мен технологияларды қолдануға шектеулер енгізуге;

4) күзетілетін бұйымдар мен технологияларды қозғайтын заңсыз іс-әрекеттерін жасалуына байланысты тергеу немесе процестік әрекеттер жүргізуге;

5) үқсас жағдайлар, шектеулер немесе мораторийлер қолдануға қатысты дәлелді қаулы шығарылған жағдайда күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың өткізуіне немесе пайдаланылуына әкімшілік сипаттағы мораторийге әкеліп соқтыруы мүмкін.

6. Күзетілетін бұйымдар мен технологияларды ұрлаған немесе қандай да бір өзге заңсыз жаулап алу жағдайында импорттаушы Тарап оларды қорғауға және қайтаруға көмек көрсете отырып, барынша ынтымақтасуды қамтамасыз етеді және экспорттаушы Тарап өкілдерінің күзетілетін бұйымдар мен технологияларға тоқтаусыз және толық көлемде тиімді бақылауды қалпына келтіруі үшін шаралар қабылдайды.

Құқық қорғау іс-шараларын жүргізу барысында импорттаушы Тарап мемлекетінің заңнамасы шеңберінде күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты құқық бұзушылық фактісін растайтын дәлелдемелерді анықтау және жинау, қылмыстық әрекет жасаған құдікті тұлғага қарсы жаза ұсыну, сондай-ақ қылмыстық әрекеттермен келтірілген залалды анықтау мақсатында экспорттаушы Тарап өкілдері тарарапынан күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты тұрақты ілесіп жүруі және бақылауды қамтамасыз етуі кезінде қол жеткізу шектелген аймаққа (орын) импорттаушы Тарап мемлекетінің құқық қорғау органдары күзетілетін бұйымдар мен технологияларды қою үшін уақытша бөлмемен қамтамасыз етеді. Күзетілетін бұйымдар мен технологияларға осындай қауіпсіз түрде қарау қандай да бір елеулі түрде экспорттаушы Тарап өкілдерінің өкілдегінде күзетілетін бұйымдар мен технологияларға және олардың қауіпсіз сақтауында болуына үзіліссіз бақылау мен қадағалау, инспекциялау және реттеу жөніндегі қажетті күзету шараларын жүзеге асыруына шек қоймайды.

4) Тараптар Келісімді және үшінші мемлекеттермен келісімдер мен уағдаластықтарды орындау шеңберінде үшінші мемлекеттерге реэкспортталатын күзетілетін бұйымдар мен технологияларға және үшінші мемлекеттерден экспортталатын (үшінші мемлекеттерден импортталатын) және Тараптар мемлекеттеріне реэкспортталатын күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты осы бөлімде көрсетілген қағидаттар мен нормаларды қолдану үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

## **11-бөлім Тасымалдау, сақтау немесе ұшыру кезіндегі апаттық жағдайлар**

1. Егер экспорттаушы Тараптың мемлекеті немесе импорттаушы Тараптың мемлекеті юрисдикциясының қолданылуы шегінде күзетілетін бұйымдар мен технологияларды тасымалдау, сақтау немесе ғарыш кеңістігіне ұшыру кезінде апаттық жағдай орын алған жағдайда, бұл Тараптар тиісті және бірлескен шараларды анықтауда және күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың барлық құрамдастарын және (немесе) сынықтарын (фрагменттерін) іздестіру және жинау мақсатында апаттық немесе іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізуінде келісілген техникалық әдістеріне, сондай-ақ осындай жұмыстарды жүргізуінде тәртібі мен шарттары туралы тәжірибелік сипаттағы барлық қажетті уағдаластықтарға жетуде ынтымақтасу үшін қажетті барлық күш-жігерін жүмсайды.

2. Экспорттаушы немесе импорттаушы Тараптар ізденіске жәрдемдесу, күзетілетін бұйымдар мен технологияларды сәйкестендіру және құрамдастарын және (немесе) сынықтарын (фрагменттерін) апattyқ барлық участеклерінен жинау мақсатында экспорттаушы Тарап өкілдерінің тікелей қатысуымен ынтымақтастықты жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

3. Импорттаушы Тарап экспорттаушы Тарап өкілдерімен идентификацияланған күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың құрамдастарын және (немесе) сынықтарын (фрагменттерін), осы өкілдердің тұрақты басшылығы мен бақылауы және қатар ілесіп жүрумен жаппай көшіруге рұқсат береді. Эвакуация рәсімдерін экспорттаушы Тараптың өкілдері жүзеге асыратынын ескере отырып, эвакуация қандай да болмасын зерделеусіз және (немесе) күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың техникалық және технологиялық сипаттамалары мен параметрлерін ашуға пайдаланылуы мүмкін өзге құралдарды қолданбай, қандай да бір фото- немесе бейнетүсірілім жүргізбестен жүзеге асырылады.

4. Күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың кез келген құрамдастарын және (немесе) сынықтарын (фрагменттерін) іздеу және табу мақсатында апattyқ немесе іздестіру-құтқару жұмыстарының уақтылы және тиімді орындалуы, мыналарды қамтитын іс-шаралармен қамтамасыз етіледі:

1) экспорттаушы және импорттаушы Тараптың өкілдерінің өзара негізде келісілген апattyқ және іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу әдістерін, қызмет түрлерін, жабдықтары мен рәсімдерін пайдалану;

2) апattyқ және іздестіру-құтқару жұмыстарын жоспарлау мен өткізуге қатысты барлық мәселелердің шешімі табылғанда экспорттаушы және импорттаушы Тараптар өкілдерінің арасындағы тұрақты негіздегі байланыс пен ынтымақтастық қатынастарын қолдау;

3) экспорттаушы және импорттаушы Тараптар өкілдері апattyқ немесе іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу тәртібін өзара негізде тұрақты байқау үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

5. Осы бөлімнің 4-тармағын есепке алып, күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың құрамдастарын және (немесе) сынықтарын (фрагменттерін) іздеу және жинау (қайтару) бойынша апattyқ және іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде экспорттаушы және импорттаушы Тараптар мынадай шарттарды сақтау үшін бар күш-жігерін салады:

1) импорттаушы Тарап апattyқ және іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде экспорттаушы Тараптың күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың қандай да болсын құрамдастарын және (немесе) сынықтарын (фрагменттерін) қандай да бір фото- немесе бейнетүсірілімді жүзеге асырмайды және күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың техникалық және технологиялық сипаттамаларын және параметрлерін ашу үшін пайдаланылуы мүмкін өзге де құралдарды қолданбайды;

2) күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты барлық ақпарат (оның санатына қатысты түпкілікті бірлескен шешімді қабылдағанға дейін) бірден өз сипаты бойынша жасырын ақпарат ретінде қарастырылады;

3) экспорттаушы Тараптың өкілдері күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың нақты құрамдастарын және (немесе) сынықтарын (фрагменттерін) идентификациялауды жүргізеді және импорттаушы Тараптың өкілдеріне оның нәтижелері туралы ақпарат береді. Идентификациялау нәтижелері негізінде осындай құрамдастар және (немесе) сынықтар (фрагменттер) күзетілетін бұйымдар мен технологиялар ретінде қарастырылады;

4) экспорттаушы Тарап өкілдері импорттаушы Тарап өкілдерімен бірге консультациялар өткізгеннен кейін күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың табылған және сәйкестендірілген құрамдастарын және (немесе) сынықтарын (фрагменттерін) алғашқы өндеуді, есепке алууды және жүйелеуді жүргізеді және оларға қатысты жинақталған ақпаратты мұрағаттайды.

6. Күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың құрамдастарын және (немесе) сынықтарын (фрагменттерін) іздеу және жинау Келісімге қатысушы Тараптың немесе үшінші мемлекеттің, экспорттаушы және импорттаушы Тараптардың мұдделерін қозғайтын негіздеме бар деп болжанған жағдайда Келісімге қатысушы тиісті әр Тараптар бірлесе отырып және осы үшінші мемлекеттің өкілдерімен дереу халықаралық құқыққа сәйкес барлық мұдделі мемлекеттердің құқықтары мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмейтін апаттық немесе іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізуін рәсімдерін үйлестіру мәселелері бойынша, оның ішінде 1968 жылғы 22 сәуірдегі ғарыштық Кеңістікке ұшырылған ғарышкерді құтқару, ғарышкердің қайтып оралуын және объектінің қайтып келуі туралы келісім негізінде консультациялар өткізеді.

7. Экспорттаушы және импорттаушы Тараптар өздерінің консигнаторларына апаттық немесе сәтсіз ұшырылымның себептерін анықтау үшін қажетті ақпаратты Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес ұсынуға уәкілеттік береді.

## **12-бөлім Заңмен ұйғарылған іс-шараларды жүргізу degi ынтымақтастық**

1. Объектілерде, үй-жайларда және көлік құралдарында немесе күзетілетін бұйымдар және технологиялар орналасқан импорттаушы Тарап мемлекетінің аймағында заңмен ұйғарылған іс-шараларды жүргізу үшін экспорттаушы және импорттаушы Тараптар өзінің құзыретті және (немесе) уәкілетті органдары арқылы барлық қатысушылардың міндеттерін тиісті түрде ескере отырып, күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында осындай

іс-шараларды өткізу орындарына реттелетін қол жеткізудің рәсімдерін келісілген негізде қолданады. Осындай қол жеткізу мынадай шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады:

1) заңмен ұйғарылған іс-шараларды осы бөлімнің талаптары сақталған кезде тек қана заң жүзінде уәкілеттік берілген лауазымды тұлғалар жүргізеді;

2) заң жүзінде уәкілеттік берілген лауазымды тұлғалар заңмен ұйғарылған іс-шаралардың өткізілетін орындарына қатысу құқығын экспорттаушы Тараптың уәкілетті лауазымды адамдарының қатысуымен жүзеге асырады;

3) импорттаушы Тарап заң жүзінде уәкілеттік берілген лауазымды тұлғалар өз қызметін жоспарлаған кезде мыналарды қамтамасыз етеді:

күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты барлық аспектілерді бірінші дәрежелі маңызды факторлар ретінде назарға алу және күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қол жеткізуге қатысты экспорттаушы Тараптың өкілдері белгілеген шектеулер мен талаптарды тиісінше ескере отырып іс-қимыл жасау;

заңмен ұйғарылған іс-шараларды күзетілетін бұйымдар мен технологиялармен жұмыс істеуді реттеуге араласпау көріністерімен байланыссыз жүзеге асыру және экспорттаушы Тарап өкілдерінің күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты өз қызметін тиімді және толық көлемде орындау мүмкіндігін тәуекелге ұшыратпау;

экспорттаушы Тараптың өкілдері бірлескен қызмет шеңберінде жүргізетін күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың ағымдағы және жоспарланатын жұмыстарға кедергілер мен ынғайсыздықтарды барынша азайту және мүмкіндігінше толық болдырмау;

заңмен ұйғарылған іс-шараларды жүргізу мақсаттары үшін оларға қатысты экспорттаушы Тараптың өкілдерінің келісімі бар әдістерді, техникалық құралдарды және рәсімдерді, осындай әдістердің, техникалық құралдардың және рәсімдердің Келісім мен осы қосымшаның мақсаттарымен үйлесімділігін ескере отырып пайдалану.

2. Экспорттаушы Тарап экспорттаушы Тарап өкілдерінің заңмен ұйғарылған іс-шаралардың жедел өткізілуіне және олардың мақсаттарына қол жеткізілуіне жәрдемдесуін қамтамасыз етеді.

3. Осы бөлімнің 1 және 2-тармақтарына сәйкес заңмен ұйғарылған іс-шараларды өткізу орнына кез келген бару алдында мынадай іс-шаралар:

1) заңмен ұйғарылған іс-шараларды өткізу орнына баруға сұрау салуды ресми түрде ұсыну;

2) заңмен ұйғарылған іс-шараларды өткізу тәртібіне қатысты (оның ішінде фотожәне бейнетүсірілім жүргізу) күзетілетін бұйымдар мен технологияларға байланысты сезімтал сипаттағы нақты мәселелерге ерекше назар аудара отырып, экспорттаушы Тараптың өкілдерімен жасалған барлық қажетті уағдаластықтарға қол жеткізу және орындау;

3) экспорттаушы Тарап өкілдерінің заңмен ұйғарылған іс-шараларды өткізу кезіндегі қүзетілетін бұйымдар мен технологиялардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған тәжірибелік сипаттағы қажетті шараларды қабылдау жүзеге асырылады.

© 2012. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан»  
Министерства юстиции Республики Казахстан